

## Өзін – өзі бағалау тексеру парағы

### ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Білім беру ұйымының атауы: «Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орысша атауы: Коммунальное государственное учреждение «Мамытская основная средняя школа».

Мекеменің орналасқан жері: 030120, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы,

Сарбұлақ ауылы Шаруашылық көшесі №14-үй.

Тел – факс: 8–71359 40-1-70

Электронды адресі: [Mamytnm @jandex.kz](mailto:Mamytnm@jandex.kz)

Мектеп директоры: Балмаканова Ляззат Бактжановна 2017 жылдың 26 маусымында аудандық білім бөлімінің № 97 бұйрығымен «Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды .

2021 жылғы қаңтар айында Ақтөбе облысының әділет департаменті Хромтау ауданаралық әділет басқармасынан берілген №990340002161 анықтама.

2021 жылы 28 қаңтарда «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген сериясы KZ66LAA00020644 мемлекеттік лицензия (бастауыш, негізгі орта, және жалпы білім беру қызметімен) бар. Мемлекеттік лицензияның қолдану мерзімі – шектеусіз.

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Басқұдық селолық округі әкімінің 2014жылғы 29қазандағы №07 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі(жер учаскесінің алаңы-0,1133 га) кадастрлық номері: 02-024-014-556.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Меткеп ғимараты	1986 жылы салынған
сыйымдылығы	60
Жалпы мәліметтері	Жалпы ауданы: 211,8. Ғимарат ауқымы:593,Ғимараттың жалпы жұмыс ауданы- 159,5
қабаттылығы	1
Жылу жүйесінің түрі	Қатты отын
Сумен қамтамасыз етілуі	орталықтандырылған
Білім беру тілі	қазақ
Педагог кадрлар саны	13 (+1 декреттік демалыста)
кітапханшы	1
Іс-қағаз жүргізуші	1
Техникалық персонал саны	10
Сынып бөлмелерінің саны	5
Мектептің жұмыс уақыты	Жұмыстың басталуы: 8:00 мин Жұмыстың аяқталуы: 19:05 мин
Ауысым саны	2

Мектепте 5 оқу кабинеттері бар,екі кабинетте проектор орнатылған. 1-кітапхана, кіші теннистік зал, 1-қыз балалардың кабинеттерінде жаңа үлгідегі тігін машиналар орнатылды. Түрлі шараларды ұйымдастыру үшін 30 орындыққа арналған мәжіліс залы бар. 2015 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды. Мектепте компьютер саны – 17,оның біреуі қазақ тілі кабинетінде, біреуі бастауыш кабинеттерінде проектормен қосылып орнатылған.Интернет желісінің жылдамдығы 10 мбит/с.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған шкафтар бар.Ішкі дәретхана жұмыс жасайды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 12 бейне бақылау камерасы жұмыс жасайды, оның 6- ішкі,6- сыртқы бейне бақылау жүргізеді. Мектеп кіре берісінде пандус орнатылды, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында дене қызуын өлшейтін электрондық құралдар бар. Әр кабинетте кварц шамдары мен ред. церкулятор (ауа тазартқыш) құралдары орнатылды

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 9 класс , 6 класс комплектісінде – 32 бала білім алуда.Бастауыш кластар бойынша 2-3 кластар біріктірілген.Орта буында 5-6 кластар және 7-8 кластар біріктіріліп оқытылады.Мектепте оқу-тәрбие жұмысына 13(+1 мұғалім декретте) педагог қызметкер тартылған. Олардың 78 % жоғары білімді мамандар.

«Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі «Білім туралы» Заңында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік аттестациядан соңғы рет 2018 жылы сәуір айында өтті. Қазіргі таңда

2018-2019,2019-2020,2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылдары зерделенді.

Білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері:

- 1)Білім беру ұйымдарының мақсаты,міндеттері мен құндылықтары;
- 2)Оқытушылық және оқыту;
- 3)Білікті қызметкерлердің болуы;
- 4)Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5)Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6)Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Оқу жылы	Оқушы саны	
	Жыл басы	Жыл соңы
2018-2019	32	31
2019-2020	29	29

2020-2021	35	35
2021-2022	37	37
2022-2023	35	

2018-2019 оқу жылындағы оқушы контингенті									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	Барлығы
7	2	3	4	3	4	4	0	5	31

2019-2020 оқу жылындағы оқушы контингенті									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	Барлығы
5	7	3	2	4	2	3	3	0	29

2020-2021 оқу жылындағы оқушы контингенті									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	Барлығы
5	6	7	3	2	4	2	3	3	35

2021-2022 оқу жылындағы оқушы контингенті									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	Барлығы

5	5	6	7	3	2	4	2	3	37
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

2022-2023 оқу жылындағы оқушы контингенті									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	Барлығы
5	4	5	5	7	1	2	4	2	35

Мектеп төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады:

Бастауыш жалпы білім;

Негізгі жалпы білім;

Мекеменің стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізінде жасалды.

Мектептің 2019-2022 жылдарға арналған стратегиялық жоспары құрылып, мектеп директорының қолы және мектеп мөрімен бекітілді. №1. 29.08.2018 жылы педагогикалық кеңесте қаралды. Бағдарлама жылдар бойынша кезеңдерге бөлінді, нақты мақсат қойылып, атқарылатын мерзімді жұмыстар жүйеленді. Кадрлар мен оқушыларға арналған кезеңді

іс-әрекет- тер,оқу-тәрбие процесіндегі нақты міндеттер,мұғалімдердің сапалық құрамы,күтілетін нәтижелер енгізілді. Әрбір тараудың тура нәтижелер көрсеткіштеріне жету үшін іс-шаралар жоспарланды.

Жалпыға білім беру бағыты бойынша барлық мектеп жасындағы балалар тегін орта біліммен қамтылды.Мөлтек аудан бойынша әр оқу жылындағы 0-18 жас аралығындағы балалар тізімі жасалып,округ әкімімен бекітілді.

Мектепке тартылмаған оқушы болған жоқ.Мектеп бойынша қолайсыз ,азқамтылған отбасы балалары жоқ.Сол себепті мектепте азқамтылған немесе көп балалы отбасы балаларының болмауына байланысты ыстық тамақ қарастырылмаған

Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды. Балалардың заңдық мүддесін және құқықтарын қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында жоспарланған шаралар орындалды, күнделікті сабаққа қатыспайтын балалар жоқ.

## **МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ**

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымы білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

➤ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі –ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669> ;

➤ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424> ;

➤ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);

- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);
- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы;
- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
- «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
- «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
- «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;

- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;
- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
- «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);
- «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы.

### **Мекеме қызметінің мақсаты мен міндеттері, құндылықтары.**

1. Мекеме қызметінің мәні бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің беру бағдарламаларын және оқушыларға тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқыту, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2. Мекеме қызметінің мақсаты имандылық, зияткерлік, мәдени тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесін қалыптастыру болып табылады.

3. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) білікті жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген базистік ғылыми негіздерді алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;



4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға және қоғамға қайшы келетін кез-келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

б) отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізіліп келеді. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Мектеп мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршалған. (Қоршау зақымдалмаған). Ғимаратқа кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдар бар. Білім беру ұйымдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуда. Оқушылардың, персоналдың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі қойылған. Әр сыныпта санитариялық тораптарда және лас маскаларға арналған таңбаланған жәшіктер орнатылған. Оқушылар мен қызметкерлерге арналған санитариялық тораптарда дозаторларда сабынның, қолға арналған дезинфекциялық құралдар, қол жуу қағидалары көрсетілген плакаттар ілінген. Мектепте қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету мақсатында пандус, бейнекамера, дабыл түймесі орнатылған.

Мектепте жалпы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың құқықтарын қорғау үшін 12 нүктеде бейне бақылау камералары жасап тұр (6 ішкі, 6 сыртқы). Бейнебақылауға жауапты маман бекітілді.

Үзілістер кезінде сынып бөлмелері уақытылы желдетіледі. Сабақ басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін желдетуі жүзеге асырылады. Нормалау құжаттарына сәйкес температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы қадағаланып отырады. Сынып бөлмелерінде термометрлер орнатылған. Білім алушылар, тәрбиеленушілер медициналық тексеріп-қараудан өткен және мұғалімдер мен техникалық қызметкерлердің жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары бар. *(медициналық кітапшалар көшірмесі №26 папкада ұсынылды)* Жыл сайын объектіде ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

### **3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарының орындалуы:**

#### **3.1. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптардың оқыту барысында игерілуіне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, дайындық деңгейіне, оқу мерзіміне сәйкестігін талдау.**

**2018-2019 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып 3 комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 4 сынып 3 комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-3 - сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

4,9 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сай жасалды.

5-8- сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығының қосымшаларына сәйкес жасалды.

**2019-2020 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып 4 комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 4 сынып 2 комплектісіне оқу жоспары жасалды.

1-4, 5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**2020-2021 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып 3 комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып 3 комплектісіне оқу жұмыс жоспары жасалды.

1-4, 5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығында көрсетілген үлгілік оқу жоспарына сай жасалды.

**2021-2022 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып 3 комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып 3 комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымшасына сәйкес жасалды.

**2022-2023 оқу жылы** 1-4 сыныптар аралығында 4 сынып 3 комплекті, 5-9 сыныптар аралығында 5 сынып 3 комплектісіне оқу жоспары жасалған.

1-4 сыныптар аралығында оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алып жасалды.

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарларын ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 6-қосымшасына сәйкес жасалды.

**Білім беру ұйымының 1-9 кластардағы сабақ кестелері, оның ішінде Kundelik.kz электронды журналынан инварианттық компонент сабақтары, ҚББ бөлімінен вариативтік компонент сабақтарының кестесі бір-біріне сәйкес келеді.**

Білім беру ұйымдағы оқу-тәрбие процесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Мектеп ұжымы 2022-2023 оқу жылында білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру процесін ұйымдастыру барысында «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып, жоспарлы жұмыстар жүргізуде.

Мектептің 5 жылдық жұмыс оқу жоспарына және сынып-комплектісінің санына сәйкес әрбір пән бойынша оқу сағаттары оқу бағдарламасы бойынша жасақталып, әр жыл сайын аудандық білім беру бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. Мұғалімдердің оқу жүктемесінің көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы сағаттар саны мен мектептің кадрлармен қамтамасыз етілуіне қарай бөлінді. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру мақсатында оқушылардың бейімділігі, қызығушылық мүмкіндіктері ескеріліп, ата-аналардың келісімімен таңдау курстары беріліп, сабақ кестелері жасақталды.

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы, сонымен қатар инклюзивті білім алушы яғни үйден оқитын оқушы жоқ.

«**Цифрлық сауаттылық**» оқу пәні «ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілді. Пән мазмұны мен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы:**

**2018-2019 оқу жылы.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 1-параграфы 24 -тармағына сәйкес, 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 1-параграф 75-тармағына, «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды

Мектепте «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды. «Дүниетану» оқу пәні шеңберінде. 5-9 сыныптарда 15 сағат жүктемемен дене шынықтыру, оқу пәндерінің аясында іске асырылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері курсы» бойынша сабақтар қағаз журналына жазылды.

### **2019-2020 оқу жылы**

2019-2020 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 75-тармақшасының 6- бөлімін және «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартының» 4-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 81-тармақшасын басшылыққа ала отырып, 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 тақырыпты, 4 сыныптарда 10 тақырыпты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. 5-9 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағат және дене шынықтыру пәні мұғалімінің оқытуымен жүзеге асырылды.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері курсы» бойынша сабақтар «Күнделік kz.» электронды журналында толтырылды.

#### **2020-2021 оқу жылы**

2020-2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 75-тармақшасының 6-бөлімін және «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 81-тармақшасын басшылыққа алып, 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 тақырыпты, 4 сыныптарда 10 тақырыпты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен, 5-9 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағат дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.

«Күнделік kz.» электронды журналында толтырылды.

#### **2021-2022 оқу жылы**

2021-2022 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты және «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 75-тармақшасының 6-бөлімін және «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 81-тармақшасын басшылыққа алынып, 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 тақырыпты, 4 сыныптарда 10 тақырыпты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.

5-9 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағат дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.

«Күнделік kz.» электронды журналында толтырылды.

#### **2022-2023 оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 75-тармақшасының 6-бөлімін және « Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-қосымшасы, 4-тарау 1-параграф 81-тармақшасын басшылыққа алып, 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 тақырыпты, 4 сыныптарда 10 тақырыпты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылып келеді.

5-9 сыныптарында оқу жүктемесі 15 сағат дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылуда. Қыркүйек, қазан айлары журналға түсіп, «Күнделік kz.» электронды журналында толтырылды.

**«Жолда жүру ережелері»** міндетті оқу курсы: Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында, міндетті оқу курсы 1-8 сыныптарда сынып жетекшілері сынып сағаттарында негізгі тақырыптармен кіріктіре орындауда. «Жолда жүру ережесінің» міндетті оқу курсы 1-4 сыныптарда 6 сағат, ал 5-8 сыныптарда 10 сағат өткізу сынып сағаттарында жыл соңына дейін өткізу жоспарланды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасының 2-тарауы 1-параграф 25-тармағына сәйкес "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 3-қосымшасы 2-тарауы 1-параграфы 35-тармағына сәйкес, "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізу жоспарланды. "Жол қозғалысы ережелері курсының бағдарламасы, сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарының орындалуы, күнделік kz журналына уақытылы толтырылуда.

**2018-2019, 2019-2020 оқу жылында** сынып сағаттары мен сынып сағаттарына қосымша мемлекеттік білім беру бағдарламаларының тақырыптық сағаттары қағаз журналда жүргізілді. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сынып сағатында әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылады. 1-8-сыныптарға арналған сабақтардың үлгілік тақырыптары 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта қоса берілді (қосымша-4). Әдістемелік нұсқау

хатта 1-8-сыныптарға арналған «Жол жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сай сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

**2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында** сынып сағаттары мен сынып сағаттарына қосымша мемлекеттік бағдарламалар толығымен «Күнделік.кз» электронды журналға толтырылды. «Жол жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-8-сыныптарда 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта (қосымша-4) көрсетілген тақырыптар 1-4-сыныптарда 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан электронды журналдың сынып сағатының тақырыбына кіріктіріліп толтырылды.

### 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары

#### 1-сыны

№	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		6

#### 2-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2.	қазан	Реттелмейтін жол қиылыстары.	1
3.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
4.	наурыз	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	1

5.	сәуір	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		6

### 3-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.	1
2.	қазан	Қай жерлерден жолдан өтуге болады.	1
3.	желтоқсан	Жол жүру белгілері және таңбалары.	1
4.	наурыз	Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедші.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		6

### 4-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелерін білеміз бе?	1
2.	қазан	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.	1
3.	желтоқсан	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.	1
4.	наурыз	Темір жол өтпелері.	1
5.	сәуір	Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		6

### 5-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан.	1
2.	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3.	қараша	Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.	1



4.	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5.	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1
6.	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі.	1
8.	сәуір	Велосипедпен жүру.	1
9.	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

### 6-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4.	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5.	қаңтар	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8.	сәуір	жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	1
9.	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу .	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

### 7-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	1
2.	қазан	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	1
4.	желтоқсан	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қаңтар	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1
6.	ақпан	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	1
7.	наурыз	Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.	1
8.	сәуір	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	1
9.	сәуір	велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10


### 8-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
2.	қазан	Қозғалысты реттеу нысандары.	1
3.	қараша	Жол белгілері.	1
4.	желтоқсан	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	1
5.	қаңтар	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	1
6.	ақпан	Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.	1
7.	наурыз	Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	1
8.	сәуір	Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық	1

		көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.	
9.	сәуір	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		10

Жыл сайын оқу жылының басында жол қозғалысы мәселесіне көңіл бөлініп, балалардың жол қозғалысындағы келеңсіз оқиғадан сақ болуына құқықтық білім беріледі. «Абайлаңыз, балалар» жедел профилактикалық іс-шаралары аясында тәрбие сағаттары жүргізілді. Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға, жолда жүру ережелерін насихаттау, жол қозғалысындағы келеңсіз оқиғадан сақ болуын, оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Абайлаңыз, балалар» жедел профилактикалық іс-шаралары-акциясы аясында «Жаяу жүргінші өтпелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Жол таңбаларының белгіленуі», «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Жол белгілері» шығармалар сайысы, «Жол жүру белгілері және олардың қолданысы» тақырыптарында диктанттар, білім алушылардан жол ережелері туралы білімдерін анықтау мақсатында «Жол ережесін білесің бе?» сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. Жаяу жүргінші жасөспірімдерді жолда абай болуға және көше, жол ережелерін, жол қауіпсіздігін сақтау, алдын алу мақсатында бастауыш сынып оқушылары үшін «Жол жүру белгілері және таңбалары» макеттері жасалып, «Жол жүру ережелері» тақырыбында сурет байқаулары ұйымдастырылады.



«Жолда жүру ережелері» байқауы



2018-2019 оқу жылы "Жолда жүру ережелері" оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-8-сыныптарда толығымен қағаз журналға толтырылды. «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-8-сыныптарда 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта( қосымша 4)

20

көрсетілген тақырыптар 1-4-сыныптарда - 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда – 10 сағаттан сынып сағаттарында өткізіліп, қосымша бетте толтырылды. (№ 22 папкада. Жолда жүру ережелері журнал беттерінен көшірме бөлек жалғанды )

**2019-2020 оқу жылында** "Жолда жүру ережелері" оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-8-сыныптарда толығымен қағаз журналға толтырылды. «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-8-сыныптарда 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта (қосымша 4) көрсетілген тақырыптар 1-4-сыныптарда - 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда – 10 сағаттан сынып сағаттарында өткізіліп, қосымша бетте толтырылды.

**2020-2021 оқу жылында** "Жолда жүру ережелері" " оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары 1-4-сыныптарда әр сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда әр сыныпта 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып жетекшілер сынып сағатында 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта (қосымша 4) көрсетілген тақырыптар бойынша "Жолда жүру ережелері" " оқу пәнін оқушыларға жүргізді.

«Күнделік kz.» электронды журналында толтырылды.

**2021-2022 оқу жылында** "Жолда жүру ережелері" оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қыркүйек айында: 1-сыныптарда «Көше күтпеген оқиғаларға толы», 2-сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», 3-сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», 4-сыныптарда «Жолда жүру ережелерін білеміз бе?», 5-сыныптарда «Біздің қала(ауыл), аудан», 6-сыныптарда «Жолда жүру ережелері (қайталау)», 7-сыныптарда «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», 8-сыныптарда «Жол жүру ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қазан айында: 1-сыныптарда «Жаяу жүргінші өтпелері», 2-сыныптарда «Реттелмейтін жол қиылыстары», 3- сыныптарда «Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды», 4-сыныптарда «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», 5-сыныптарда «Жол таңбаларының белгіленуі», 6-сыныптарда «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары», 7-сыныптарда «Көлік құралдарын пайдалану ережелері», 8-сыныптарда «Қозғалысты реттеу нысандары» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қараша айында: 5-сыныптарда «Қосымша секциялары бар бағдаршамдар», 6-сыныптарда «Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.», 7-сыныптарда «Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары», 8-сыныптарда «Жол белгілері» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Желтоқсан айында: 1-сыныптарда «Реттелетін жол қиылыстары.Бағдаршам», 2-сыныптарда «Реттеуші және оның белгілері», 3- сыныптарда «Жол жүру белгілері және таңбалары», 4-сыныптарда «Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар», 5-сыныптарда «Жол реттеушісінің белгілері», 6-сыныптарда «Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы», 7-сыныптарда «Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдағы», 8-сыныптарда «Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қаңтар айында: 5-сыныптарда «Жол жүру белгілері және олардың

қолданысы», 6-сыныптарда «Түрлі жарақаттар алған жағдай»да алғашқы медициналық көмек», 7-сыныптарда «Қозғалыс жол жолағы. Басып озу», 8-сыныптарда «Бастауыш сынып оқуларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелерін бойынша) әңгімелесу» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Ақпан айында: 5-сыныптарда «Жол жүру белгілері және олардың қолданысы», 6-сыныптарда «Түрлі жарақаттар алған жағдай»да алғашқы медициналық көмек», 7-сыныптарда «Қозғалыс жол жолағы. Басып озу», 8-сыныптарда «Бастауыш сынып оқуларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелерін бойынша) әңгімелесу» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Наурыз айында: 1-сыныптарда «Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу», 2-сыныптарда «Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу», 3-сыныптарда «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек», 4-сыныптарда «Темір жол өтпелері», 5-сыныптарда «Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі», 6-сыныптарда «Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері», 7-сыныптарда «Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы», 8-сыныптарда «Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Сәуір айында: 1-сыныптарда «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.», 2-сыныптарда «Мектепке жол», 3-сыныптарда «Сен – велосипедші.», 4-сыныптарда «Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.», 5-сыныптарда «Велосипедпен жүру», «Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері», 6-сыныптарда «Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі», «Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол» 7-сыныптарда «Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.», «Велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері». 8-сыныптарда «Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек», «Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Мамыр айында: 1-8 сыныптарда «Қорытынды сабақ» жүргізіліп, тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға сынып сағатына кіріктіріліп толтырылды.

**2022-2023 оқу жылында "Жолда жүру ережелері"** оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қыркүйек айында: 1-сыныптарда «Көше күтпеген оқиғаларға толы», 2-сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», 3-сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», 4-сыныптарда «Жолда жүру ережелерін білеміз бе?», 5-сыныптарда «Біздің қала(ауыл), аудан», 6-сыныптарда «Жолда жүру ережелері (қайталау)», 7-сыныптарда «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», 8-сыныптарда «Жол жүру

ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қазан айында: 1-сыныптарда «Жаяу жүргінші өтпелері», 2-сыныптарда «Реттелмейтін жол қиылыстары», 3- сыныптарда «Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды», 4-сыныптарда «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», 5-сыныптарда «Жол таңбаларының белгіленуі», 6-сыныптарда «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары», 7-сыныптарда «Көлік құралдарын пайдалану ережелері», 8-сыныптарда «Қозғалысты реттеу нысандары» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға Қосымша білім беру бөліміне толтырылды.



**Қатаң есептегі құжаттардың жүргізілу барысы:** Мектеп бойынша қатаң есептегі құжаттарды жүргізуде «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы, 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы басшылыққа алынды. Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары толық жүргізілуде. Педагогикалық кеңестің хаттамалары бар, материалдары жинақталуда. Негізгі орта білім

туралы аттестаттарды тіркеу журналы талапқа сай жүргізілді.. Мақтау грамоталары мен қағаздарын беруді есепке алу кітабы бар. Берілген мақтау грамоталары тіркелген, алған оқушылардың қолдары қойылған. Кітап шнурланып, нөмірленді.

Сыныптар бойынша оқушылардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жасақталған, оқушы саны алфавиттік кітап бойынша сәйкес . Келген - кеткен оқушыларға өзгерістер уақытымен енгізіліп, бұйрықтары шығарылды. 2021 - 2022 оқу жылында үлгерім табельдері тіркеліп, нөмірленді. Мектепке қабылданған оқушылар журналға және ұлттық білім деректер қорына статистикалық есепке сай енгізілді. Оқушылардың сабаққа қатысы күнделікті есепке алынып отыр, арнайы журнал жүргізілді. Себепсіз сабаққа қатыспай отырған оқушы жоқ. Келген-кеткен оқушылардың басқа мектепке барғандығы жөнінде анықтамалары, ата-аналарының арыздары түгел..

**Мұғалімдердің іс-қағаздары.** Мұғалімдердің іс-қағаздары жүйелі жинақталды, соңғы бұйрықтар жазылған, құжаттары түгел жүйелі орындалд., нөмірленген, мұғалімдер мәліметі де жылда ұлттық деректер қорына толтырылып отырылады.

Оқу жылы басында аудандық білім бөліміне бітіруші сыныптар үшін құжаттарға сұраныс беріледі. Кітаптар түгел, келген құжаттар кезінде уақтылы толтырылып таратылады.

**Бұйрық кітаптары.** Мектептің бұйрық кітаптары талапқа сай жүргізілді. Оқушылардың бұйрық кітабында жаңа оқу жылына қабылдау бұйрықтары шыққан, келген, кеткен оқушыларға бұйрықтар шығарылады.. Кеткен оқушылар ұлттық деректер қорынан уақтылы шығарылады.

**Таңдау және үйірме сабақтарын тіркеу журналы.** Мектеп электронды журналға көшті, 1-4, 5-9 сыныптарда өтетін вариативтік сабақтар электронды «Kundelik.KZ»журналына толтырылды..

**Оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттелген.**

Мектеп бойынша жетім,жартылай жетім оқушылар тіркелмеген.

Емтихан құжаттары жинақталған, хаттамаланған, бағалау критерийлері сақталған.

Білім алушыларға үй тапсырмалары орындау мүмкіндігін ескере отырып, 2-сыныпта – 50 минут, 3-сыныпта – 70 минут, 4-сыныпта – 70 минут шамасында берілуі, демалыс және мереке күндері үй тапсырмасының берілмеуі ескеріледі. Әрбір оқушының оқу жетістіктерін сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында ағымдағы игерген білімдері мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын және оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны мен оқыту мақсаттарына жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін қалыптастырушы бағалау және білім алушылардың оқу тоқсанның аяғында оқу бағдарламаларының бөлімдерін оқып аяқтауы бойынша білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасуы деңгейін айқындайтын жиынтық бағалау талаптары сақталады.



Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша білім алушылардың оқу жетістігі балдар электрондық журналға енгізілді, ТЖБ қорытындысына талдама жасалды.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымында сабақтың ұзақтығы 45 минут болып белгіленді. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін бірте-бірте арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимін қолдану үшін қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 45 минуттан сабақ кестесі ата-аналар комитетімен келісіліп жасалды. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасақталып, сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минут, үлкен үзіліс екінші сабақтан кейін 10 минуттан үзіліс жасалды.

Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері 1-9 сыныптарда:

Күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан 6 қарашаны қоса алғанда),

Қысқы – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда),

Көктемгі-9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда).

Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша 7 күн каникул – (2023 жылғы 6-12 ақпанды қоса алғанда) белгіленіп, сыныптар бойынша оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталады.

### Мектеп бойынша оқушылар саны, білім сапасының көрсеткіші

№	Сыныптар	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Оқушы саны	31	29	35	37	32
2	Мектеп сапасы	68%	69%	60%	81%	70% (1 тоқсан)
3	Оқу озаты	3	5	6	3	1
4	Оқу екпіндісі	18	15	15	27	20

### Қорытынды:

Әр тоқсан сайын пәндер бойынша, сыныптар бойынша, зерттей келе қорытындысын әдістемелік пән бірлестік отырысында, ата-аналар жиналыстарында сыныптағы оқушылардың білім сапасын талқылап, білім сапасын арттыру шаралары жасақталып отырады.

**2018-2019** оқу жылында жүргізілген жұмыс барысы алға қойған мақсатқа бағытталды.

2018-2019 жаңа оқу жылына 8 класс, 6 комплекті жинақталып, барлығы 31 оқушы оқуға тартылды. Оқитын бала болмауына байланысты 8 класс жасақталмады. 9 сыныпты аяқтаған 5 оқушы қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын алды. Түлектердің төртеуі колледжіге түсіп, біреуі орта мектепке орналасты.

**2019-2020** оқу жылы 8 класс, 6 комплект жинақталды. Оқушы саны – 29. Оқитын бала болмауына байланысты 9 класс ашылмады. 1,2,3,4,5,6,7,8 сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту жүзеге асырылды.

**2020-2021** оқу жылында барлық оқу жасындағы балалар оқуға тартылып, 9 класс, 6 комплекті жинақталған. 1 сыныпқа 5 бала қабылданды. 9 сыныпты 3 оқушы аяқтап, қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын алды. Еңбекке орналасу мәліметі бойынша түлектер Ақтөбе қаласындағы С.Байішев жоғары медициналық колледжіне Нұрғалиева Тілектес «мейіргер ісі» мамандығына, Ақтөбе құрылыс монтаж колледжіне Досмұратов Мұқанбетияр «дене шынықтыру және спорт» ақылы бөліміне оқуға түскен. Бір оқушы Ақтөбе гуманитарлық колледжі «қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының грант иегері.

**2021-2022** оқу жылында бойынша 9 класс, 6 комплекті жинақталды, барлық оқушылар саны-37. Оқу жасындағы балалардың барлығы оқуға тартылды. Оқушылар екі ауысымда оқып, білім алды. Білім сапасы – 81 пайыз көрсеткіш көрсетті. 9-сыныпта 3 оқушы оқып, мемлекеттік емтихан тапсырды, негізгі мектепті бітіру туралы жай аттестат алды. Еңбекке орналасу мәліметі бойынша 1 оқушы «Сымбат» мектеп- интернатына қабылданып, орта білім алды. 1 оқушы Ақтөбе техникалық колледжінде грант иегері атанса, 1 оқушы М.Мәметова атындағы медициналық колледжіне ақылы бөліміне түсті.

- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері

### **Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2018 – 2019 оқу жылындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есебі**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің 2018-2019 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары тәрбие үдерісіне тікелей қатысты негізгі құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясында (12, 27, 28,29,30 баптарында)

«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Діни сенім бостандығы және діни бірлестік туралы», «Неке және отбасы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың қадағалауынсыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы», «ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы», «Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы», Қазақстан Республикасының « Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы», Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы Конвенциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарында және т.б. маңызды құжаттар мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы қараша айында бекітілген «Қазақстан Республикасы Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие Тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Ақтөбе облысында тәрбие жұмысының 2013-2020 жылдарға арналған Бағыт бағдарламаның концепция мен төлқұжатын басшылыққа ала отырып құрылды.

**Бағдарламаның мақсаты:** жастармен балалардың рухани – адамгершілік тұрғысынан қалыптастыру, оларды өз бетінше өмір сүруге дайындау қоғам мен мемлекет дамуының алғышарттары болып табылады.



**Өзекті мәселесі:** Білім алушылардың тәрбиесіндегі жаңа заман талабына сай, өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті тұлға, Қазақстан Республикасының патриоты ретінде қалыптасуы мен өзін өзі дамуына мүмкіндік туғызатын «Мәңгілік Елдің» азаматын тәрбиелеу.

**Мақсаты:** Үздіксіз білім беру жүйесіндегі жаңа заман талабына сай қабілетті тұлға мен Қазақстан Республикасының патриотын, өзін – өзі дамуына мүмкіндік туғызатын «Мәңгілік Елдің» азаматын тәрбиелеу үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1) Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету;
- 2) Оқушылар бойынша азаматтық белсенділік пен күзiреттiлiктi қалыптастыру;
- 3) Сыни ойлау, жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Азамат - патриоттың егемен тұлғасын қалыптастыру, ұлттық тәрбие – білім беру жүйелері жағдайында тұлғаны этникаландыру;
- 5) «Мәңгілік ел» нормалары деген құнды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 6) Ата – аналарды белсенді педагогикалық қызметке араластыру жұмыстарын жүргізу;
- 7) Жеке адамдар мен халықтар арасында ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның өзінділігін нығайту;

Мамыт НОББ мектебінегі тәрбие жұмыстар 2018-2019 оқу жылында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық 9 бағыт арқылы жұмыстанды. Олар:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Рухани-адамгершіліктәрбие (Діни тәрбие. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу
7. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
8. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

## 9. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**Мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:** Бала тәрбиесіндегі жаңа заман талабына сай, кәсіби қауымдастық құндылықтарын меңгерген және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндік жасау.

**Өзекті мәселесі:** Білім алушылардың тәрбиесіндегі жаңа заман талабына сай, өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті тұлға, Қазақстан Республикасының патриоты ретінде қалыптасуы мен өзін-өзі дамытуына мүмкіндік туғызатын «Мәңгілік Елдің» азаматын тәрбиелеу.

**Мақсаты:** Үздіксіз білім беру жүйесіндегі жаңа заман талабына сай қабілетті тұлға мен Қазақстан Республикасының патриотын, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік туғызатын «Мәңгілік Елдің» азаматын тәрбиелеу үшін жағдай жасау.

### **Міндеттері:**

1. Өскелелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету;
2. Оқушылар бойында азаматтық белсенділік пен құзыреттілікті қалыптастыру;
3. Сыни ойлау, жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету;
4. Азамат-патриоттың егемен тұлғасын қалыптастыру, ұлттық тәрбие – білім беру жүйелері жағдайында тұлғаны этникаландыру.
5. «Мәңгілік Ел» нормалары деген құнды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету.
6. Ата-аналарды белсенді педагогикалық қызметке араластыру жұмыстарын жүргізу;
7. Жеке адамдар мен халықтар арасында ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның өзіндігін нығайту.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі әкімшілігі жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырып басқару, оқу-тәрбие жұмысын үйлестіру барысында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, класс жетекшілер, тәлімгер, әлеуметтік педагог және психолог мамандары жұмыстанады.

Мектеп тәрбие жұмысының 2018 – 2019 оқу жылына жоспарды құрып, нормативтік құжаттарға сүйене отырып, 9 бағыт бойынша, тиісті деңгейде жұмысын атқарды.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 1-қыркүйек білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау» салтанатты іс –шарасымен «Мен өз елімнің патриотымын!» тақырыбында өткізілді.

2018 - 2019 оқу жылдарында «Жас Ұлан» және «Жас қыран» ұйымына жетекшілік қызметін тәлімгер Сағынайқызы З. атқарды. 2018 - 2019 оқу жылдарында «Жас Ұлан» және «Жас қыран» ұйымына қабылданған оқушылардың мінездемелері және жасөспірімдер ұйымына қабылдау туралы арыздары түгел жинақталды. «Жас Ұланның» мәліметтер базасы құрылып, бекітілді. Аталған оқу жылы бойынша оқушылар ұйымының құрамы жаңадан сайланып, «Жас Ұлан» балалар ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. «Жас Ұлан» кеңесінің мүшелері туралы толық мәліметтер жинақталған, оқушылар ұйымының отырыстары уақытында жоспар бойынша өткізілген. Ұйымның төменгі буынына «Жас Қыран» - 1 – 4 класс оқушылары, «Жас Ұлан» - ға 5 – класс оқушылары қабылданды. «Жас Ұлан» балалар ұйымының салтанатты қабылдау жиыны туралы ақпараттық мәліметтер базасында толық жинақталған.

Бұйрық бойынша 6 класс жетекшісі бекітілген. Класс жетекшілерінің жылдық тәрбие жоспарлары мен күнделікті тәрбие сабақтарының жоспарлары және сынып журналдары тексерілді. Қосымша бағдарлама орындалды.

### Класс жетекшілердің біліктілік санаты туралы:

Мамыт НОББ мектебі 2018-2019 оқу жылы бойынша класс жетекшілер туралы мәлімет

№	мектеп	Бар-лығы	Пед.өтілі				Санаты			
			1-3 ж	3-5 ж	5-10 ж	10 - жоғары	жоғары	Бірінші	Екінші	Санатсыз
1	Мамыт НОББ мектебі	6			2	4		3	2	1

Барлық класс жетекшілердің қызметтік міндеттері бөлініп берілген.

Жыл бойы жұма және сенбі күндері мектеп мұғалімдерінен құралған "Тәртіп сақшылар" кестесі бекітіліп, жұмыс жасап келеді. Сонымен қатар, мектепте «Шахмат», үйірмесі жұмыс жасайды. Мектеп тәлімгері Сағынайқызы З "Жол қауіпсіздігі" тақырыбында бастауыш класс оқушыларының арасында әңгіме жүргізді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бахитов Айдан мектепшілік футбол, шашка ойындарын ұйымдастырды.

Мектеп дәлізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне арналған бұрыш жасақталған. ҚР мемлекеттік рәміздерін оқып-үйрету мақсатындағы іс-шаралар жоспары бар.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында. Мектеп дәлізіне жолдауға байланысты тақырыптық стенд безендірілген. Мектепте өткізілетін саяси, құқықтық, салтанатты шаралар Мемлекеттік рәміздермен /Ту, Әнұранмен ашылады/. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, түсіндіру мақсатында класс жетекшілер жоспар бойынша мектепшілік жиындар, класс сағаттарын жоспарға сай сынып оқушыларымен жүргізеді. Мемлекеттік рәміздерді құрмет тұту, Қазақстан азаматы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру білім берудің алғашқы сатысынан – бастауыш класс оқушыларынан басталады. Балаларды Еліміздің рәміздерін тани, ажырата білуге, әнұранның әуенін, мәтінін мемлекеттік тілде біліп, топпен, хормен орындай білуге класс жетекшілер көп көңіл бөлген.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, тәлімгер, пән мұғалімдері, класс жетекшілер мектеп оқушыларының Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастыруда «Менің Отаным - Қазақстан», «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік», «Тәуелсіз Қазақстан», «Бүгін патриот болу нені білдіреді?», «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол», «Жаса, жайна, Қазақстан!», «Біргеміз, берік іргеміз!», «ҚР Мемлекеттік рәміздер», «Біз Қазақстан патриотымыз!», «Мемлекеттік рәміздерін азаматтық және патриоттық тәрбиедегі ролі» тақырыптарына әңгіме, ашық класс сағаттарын, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, т.б. шараларды жоспарлы түрде өткізген.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің жылдық жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді.

*(көшірмесі №4 тәрбие жұмыс жоспары папкасында қосымша ұсынылды)*

2 қазан - Балаларға қарсы зорлық-зомбылық күнін оқушылар арасында аталып өтті. «Бала құқықтары» туралы конвенцияның орындалуы мақсатында класс жетекшілер «Отбасындағы тәрбие және бала қабілетінің дамуы», «Ата-ананың жауапкершілігі», «Бала құқығы», «Есірткіден сақ болайық», «Бала құқығы баршаға ортақ» сияқты

тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттары дөңгелек стол, әңгіме, лекция, пікірталас түрінде өткізілді.

2018– 2019 оқу жылында облыстық, аудандық ІІБ, мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ

Мектеп оқушыларына дінтану негіздері пәнінің мұғалімі Оразбаева С.О. «Дін және саясат» тақырыбында баяндама оқыды. 2018 жылдың қыркүйек айларында «Денсаулық – зор байлық», «Нашақорлық ғасыр дерті» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті. Сәуір айында "Жарақаттанудың алдын алу" айлығы өткізілді. Тақырып бойынша класс сағаттары өткізіліп, әңгімелер жүргізіліп, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.** Мақсаты: азаматтарда жоғары деңгейде патриоттық сезімді , өз елімен мақтан етуді, азаматтық борышын адал орындауға тәрбиелеу және Отанды қорғауға конституциялық міндеттерді қалыптастыру.

1-9 кластарда « Құқығыңды білу-өздеріңді қорғау , Тәуелсіз елдің баласымыз тәрбие сағ. 1-4 кл Мемлекеттік рәміздер мақтанышым тәрбие сағ.5-9 кл «Мәңгілік ел» дөңгелек стол. Желтоқсан айында Тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген-ер тұлға» "Ел тірегі Елбасы", 1-9 сынып сағаттары . 16 желтоқсан –Тәуелсіздік күні «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» салтанатты жиыны өтті



«

Тәуелсіздік күніне орай республикалық бірыңғай "Жас Ұлан", "Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау мақсатында салтанатты жиын өтті. Қаңтар айында бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен

« Жақсылық –адамгершілікке бастайды» тәрбие сағаты өтті. Ақпан айында 7-8 сыныпта «Заң және заман » тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

**Отбасылық тәрбие.** Мақсаты: қоғамдағы отбасының ролін жоғарлату, жастар арасында отбасы құндылықтары мен салт-дәстүрлерін, аналық, әкелік рольдерді кең көлемде насихаттау және отбасылық тәрбиені білім жүйесіне үздіксіз іс-әрекет ретінде енгізу.

15 қыркүйек күні республикалық Отбасы күніне жоспар құрылып, бекітілді. Оқушылармен ата-аналарды бірлестіре отырып әр түрлі іс-шаралар өткізілді. Бала отбасының айнасы Дөңгелек үстел, Мен және менің жанұям тренингі , « Отбасы бақыт мекені» атты тәрбие сағаттары өткізілді.

**Ұлттық тәрбие мақсаты:** Ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, бүгінгі мен келешегіне қызмет етуге тәрбиелеу Қарттар күніне орай «Аман-сау жүрші, қарттарым!» тақырыбында концерттік бағдарлама өтті.

«Аяулы әже ардақты ана, ару қыз» ата-аналармен пікірталас кл жетекшілер, «Қазақтың ұлттық ойындары» тәрбие сағ. 1-4 кл, «Ата-салтым асыл қазына» пікірталас, Ұлдан ұлағат қыздан инабат.5-9 кл.Қыздар ұйымы Тәлімгер . «Ардақтайық қазақтың ата-салтын» атты тақыраптарда іс-шаралар өткізілді..

### **Рухани-адамгершілік тәрбие (діни тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет).**

**Мақсаты:** балаларда және жастарда рухани-адамгершілік сезімді көп ұлтты Қазақстан халқымен қарым-қатынасын, мәдени-тарихи құндылықтарды көркем эстетикалық қабылдау арқылы (әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, рухани-адамгершілік көркем мазмұнды және т.б.) қабылдау санасын қалыптастыру.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз" , «Ұстаз-үлгі,өнеге, ұлағатым» концерттік бағдарлама Ұлы Абай, дана Абай, дара Абай қара сөздерінен әдеби кеш, Мен –өз Отанымның патриотымын тәрбие сағаты« Адамгершілік асыл қасиет» 1-4 кл. Кл сағаттары, Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиын өтті.

### **Көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.**

**Мақсаты:** жалпы адами қасиеттердің негізінде көпмәдени тұлғаны қалыптастыру, оның ішінде өзара түсіністік, татулық, сыйластық, толеранттық, қоршаған ортамен өнімді қызмет ету секілді қасиеттер арқылы (өмір сүруге көмек беру, өз-өзіне, айналаға, бүкіл әлемге құрметпен қарау). «Күз-мерекем, күз-береке» класс сағаты«Ізгілік-

адамгершіліктің белгісі» 1-4 кл, Менің бәсекелестік қабілетім , «Ел болашығы білімді ұрпақ», «Ұлттық құндылықтарды қалай пайдалануға болады?» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өтіп, талқыланды.

### **Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу.**

**Мақсаты:** қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдай алатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тың идеяларға бастап, мүмкіндіктерді байқату. «Адамның жан сұлулығы», «Адам көркі – жақсы іс» , ««Өмірді жақсы көріндер» тренинг Психолог Оразбаева С. Қайда оқуға барамын Пікірталас тақырыптарында Іс-шаралар өткізілді.

### **Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі.**

**Мақсаты:** экологиялық және еңбек мәдениетін қалыптастыру, әлемді тану, экологиялық және еңбек сауаттылығын жоғарылату, өмірдің ең маңызды саласы ретінде еңбекке баулу, жеңістерге қол жеткізуде еңбектің маңызын түсіндіру. «Экология және біз», «Табиғатты бірігіп қорғайық!», «Табиғат- біздің үйіміз»,» тақырыптары өтті.

### **Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет.**

**Мақсаты:** кәсіби қызметті тиімді басқару мен дамуы арқылы елімізде ұлттық зияткерліктің қалыптасу қызметіне жағдай жасау. «Жігітке жеті өнер де аз», «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы, «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мамандықтар әлемінде» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

### **Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.**

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының балалары мен жасөспірімдерінің салауатты өмір салтын ұстануға байланысты кешенді, үздіксіз және орнықты жүйе енгізу.

**Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі:** Бахитов Айдан түрлі қысқы спорттық шаралардан хоккей ,шаңғы тебу жарыстарын өткізді.

79



«Денсаулық – зор байлық», «Нашақорлық ғасыр дерті» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті. Сәуір айында «Жарақаттанудың алдын алу» айлығы өткізілді. Тақырып бойынша класс сағаттары өткізіліп, әңгімелер жүргізіліп, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

### **Мектепшілік іс-шаралар**

Осы қыркүйек айында «Қызғалдақ», «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымы жоспары құрылып, «Қызғалдақ» қыздар клубының алғашқы «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында жиналысы өткізілді. Жиналысқа ауыл медбикесі Бимуратова Л. қатысып, қыздарға маңызды кеңес пен ақпарат берді. Қазан айына құрылған жоспар бойынша 1 - қазан Халықаралық қарттар күніне орай ауыл қарттарына арналған «Қарттарым асыл қазынам» атты мектеп оқушылар тарапынан мерекелік концерттік бағдарлама өтті. Қазан айында өткізілген іс – шараларының бірі мұғалімдер күніне арналған «Ұлағатты ұстаздар» атты мерекелік – концерттік бағдарлама. Мектеп оқушылары мұғалімдеріне сый ретінде өз өнерлерімен, ән - билерімен тәнті етті деуге болады. Концерттік бағдарламаға мектебіміздің ардагер ұстаздарына шақыру билеттері таратылып, концерт қонағы болуы ұсынылды. Концерт барысында мектеп директоры, ардагер ұстаздарымыз өз құттықтау, тілек сөздерімен жас ұстаздар мен жас мамандар рухын көтеріп, көңілдерін қуантты деп айтуға болады. Концерттік бағдарламадан соң, мектеп әкімшілігі тарапынан ұстаздарға мерекелік дастархан жайылды. Жоспар бойынша қазан айы «Мектеп Ұланбасын» сайлаумен тәмәмдалды. Сайлауға 3 үміткер қатысып, өз бағдарламаларын ұсынған болатын., 9 сынып оқушысы Бейбіт Ерсұлтан «Мектеп Ұланбасы» ретінде сайланып, салтанатты түрде ант қабылдады. Тұңғыш Президент күніне арналған «Ел – тірегі Елбасы» атты мерекелік концерт өткізілді. Концерт қатысушылары мен мектеп оқушылары қатысты. Мерекелік шараға , мектеп директоры Балмақанова Л.Б құттықтау сөз сөйлеп, тұңғыш президент туралы слайд және видео көрсетіліп, тақпақ пен әндер шырқалды.



Сонымен қатар мектепішілік «Жас Ұлан» , «Жас Қыран» ұйымдарына оқушыларды қабылдау рәсімі өтті. «Жас қыран» ұйымына «Жас Ұлан» ұйымына оқушылар қабылданды. Салтанатты шара барысында қабылданушы оқушылар әндерін хормен орындап, салтанатты түрде АНТ қабылдады. Жас Ұланшылар тарапынан жаңа, арнайы төсбелгілері мен галстуктері тағылды. Салтанатты қабылдау іс – шарасын мектеп директорының құттықтау сөзімен тәмамдады.

15.12.2018 ж. күні «Тәуелсіздік – мақтанышым» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Жаңа 2019 жыл келу қарсаңында мектепішілік шырша ұйымдастырылды..

Бастауыш сынып шыршасында 1 – 4 класс оқушылары арасында түрлі номинациялар бойынша сыйлықтар мен грамоталар таратылды. Атап өтсек, «Ең үздік би», «Ең үздік ән», «Ең үздік карнавалдық костюм», тақырыптары бойынша марапаттау грамоталары мен сыйлықтары ұсынылды.

Орта буын 5 – 7 кластары арасында Жаңа Жылдық мерекелік сайыс өткізілді. Сайыс барысында мектеп әкімшілігінен әділ қазылар сайланып, оқушылар өз өнерлерін, ән – билері мен сахналық образдарымен сынға түсті. Сайыс қорытындысында жүлделі 1, 2 ,3 орындары беріліп, сыйлықтар таратылды.



«Қызғалдақтар» қыздар клубының жоспары бойынша қаңтар айында «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, баяндама оқылды. Баяндама соңында тақырыпқа байланысты қызбалдар өз ойларын ортаға салып, талқылау жұмыстары жүргізілді..

Наурыз мейрамы қарсаңында жоспар құрылып жұмыс жүргізілді. Жоспар бойынша 8 – наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Аяулы асыл жандар», «Жүз жасаңдаршы ардақты аналар», «Ана өмірдің шуағы» атты тақырыптарда концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мереке қонағы ретінде ата – аналар, ұстаздар, шақырылды. Кнцерттің ашылуы мектеп директорының құттықтау сөзімен басталып, концерт барысы ары қарай ән, би қойылымдарымен жалғасын тапты.



14 Наурыз көрісу күні өткізілді. «Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Концерт барысында ән, би, салт – дәстүрден бөлек, ұлттық ойындар сайысы ұйымдастырылды. Концерт соңында мектеп оқушыларына наурыз көже берілді.



1 Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай жоспар құрылып бекітілді. 1 Мамыр күні «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік концертте татар, қазақ, орыс, украин, болгар, испан, кавказ, өзбек ұлтарының биі мен әндері айтылып өтті. Оқушылардың ұлттық киімдері барлықтары киген. Билерді нақышына келтіріп билеп шықты. Мерекелік концертке мектеп ұжымы, оқушылар толықтай қатысты. 1 Мамыр Қазақстан халықтарының Бірлік күніне орай іс-шаралар жақсы деңгейде өтті.

7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сонымен қатар 9 мамыр Ұлы Жеңістің 73 жылдығына орай мерекелік концерт ұйымдастырылды.



25 мамыр «Мамыр айының мерекелік концертте мектеп директоры, Балмақанова Ә.В. құттықтау сөз сөйледі. Концерт барысында шағын орталық балалары, даярлық топ оқушылары мен бастауыш класс оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік концертті ана мен бала сайысы мен отбасылық спорттық сайыс, флешмоб биімен аяқталды. Мерекелік концерт жақсы деңгейде өткізілді.

Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің жанынан құрылған «Балдырған» жазғы сауықтыру лагерінде 1 ауысым бойынша 16 бала демалды. Балдырған жазғы сауықтыру лагерінің жоспары алдын ала құрылып, мектеп директорына бекітілді. 16 балаға қызмет еткен 1 лагерь басшысы, 1 тәрбиеленуші, 1 психолог болды. Психолог, тәрбиешілер өздеріне бекітілген сағаттарда сабақ өткізді. Балаларға әр күн көңілді өтті.

Жалпы мектептегі тәрбие жұмысының орындалуы «жақсы» деңгейде

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2019 – 2020 оқу жылындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есебі**

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесі алдында ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі: ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды

дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері 2019-2020 оқу жылында республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысының ерекшелігі – Тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру талап етіледі.

**Мақсаты:** Рухани байлықты, моральдық тазалықты, дене бітімін жетілдіруді, бәсекеге қабілеттілікті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практикалық жетістіктер негізінде тұлғаның дамуы мен кұрцуды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функциональдық сауаттылықты дамыту үшін жағдай жасауда өз етінше шешім қабылдау проблемалары арқылы интеллектіні байыту;
3. Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез-келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
4. Еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру;
5. Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қосылу; қазақ халқының және басқа халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу, мемлекеттік, ресми және шет тілдерін білу;
6. Психологиялық-педагогикалық құзіреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
7. Әлеуметтік маңызы бар балалық, отбасылық және ата-аналық бастамаларды, балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметін даыту және қолдау;
8. Тұлғаның экономикалық ойлауын дамыту және кәсіби қалыптасуға саналы қатынасын және өзін-өзі жетілдіруге; табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
9. Бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беру беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
10. Бала тәрбиесі саласындағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру;
11. Балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру

Нәтижесінде: Жан - жақты дамыған, рухани адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым – қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан - 2050» стратегиясының басты мақсаты - Мәңгілік ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыру

1. **Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Білім күніне орай «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны. Салтанатты жиыннан кейін барлық сыныптарда «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ», «Тілдер мерекесіне» арналған «Тіл тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары әр сыныпта жоғары деңгейде өткізілді.

Қазан айының бірінші жексенбісі еліміздің ұстаз алдын көрген үлкенді-кішілі азаматтары үшін ерекше күн. Бұл әліппені жаттатып, білім нәрін сіңірген, әлемге сауаттылық нұрын шашып келе жатқан ұстаздар мерекесі. Бұл күні әрқайсымыз өз мұғалімдерімізді, өнердегі, өмірдегі тәлімгерлерлерімізді құттықтап, оларға ылайықты көңіл бөлуге мүмкіндігіміз бар. Жыл сайын мектебімізде өтетін Ұстаздар мерекесі биыл да аталып өтті. Осы күнге орай Мамыт НОББ мектебі басшылығымен «Ұстаз ұлы дәрежелі, қасиетті мамандық» атты салтанатты жиын өтті. Бұл өткізілген шара арқылы оқушыларды ұстаз еңбегін құрметтеуге, үлгі тұтуға бағытталды. Осындай қиын жұмысты атқарған ұстаз еңбегін қадірлей, құрметтей, ардақ тұта білуге баулиды. «Мұғалім- ардақты есім» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі жоспарының мақсаты: ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйуге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Еліміздің тәуелсіздігін атап өту қарсаңында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету мақсатында: «Мәңгілік ел –бұл Тәуелсіздік ел Қазақстан» тақырыбында салтанатты жиын болды.

28 қараша күні барлық сыныптарда ҚР Президенті күніне орай «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді, сонымен қатар 5-6 сыныбында Оразбаеваның ұйымдастыруымен «Кемеңгер елдің көреген басшысы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына барлық оқушы қатынасты. Тәрбие сағаты мемлекеттік гимнмен басталды. Тәрбие сағатында Елбасының өмір жолы, туып өскен, оқып білім алған, атқарған қызметі туралы оқушылар толық мәлімет жинап келген. Тәрбие сағатына барлық оқушылар белсенді қатынасты, оқушылар өз беттерімен ізденіп, презентация жасап әкелген. Жоспарға сай Қаңтар айында 1-4 класста «Жақсылық –адамгершілікке бастайды», ақпан айында «Заң және заман» тақырыбында дөңгелек үстел, наурыз айында бастауыш сынып оқушыларының арасында сурет байқауы өткізілді.

Наурыз мейрамы қарсаңында жоспар құрылып жұмыс жүргізілді. Жоспар бойынша 8 – наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Аяулы асыл жандар» атты концерттік бағдарлама, «Өнерлі ару – өнегелі жеңге» сайысы ұйымдастырылды. Сайыста жеңіске жеткен жұпқа мектеп директоры түрлі сыйлықтар мен мадақтама мен марапаттады. Концерт барысы ары қарай ән, би қойылымдарымен жалғасын тапты.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 22-наурыз Ұлыстың ұлы күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары 2 күнге құрылып, іс-шаралар өткізілді. Барлық сыныптардың қатысуымен 22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне арналған «Ар ма Өз Наурыз!» атты мерекелік той думан өткізілді



## 2.Рухани- танымдық тәрбиесі

**Мақсаты:** Рухани ойлау дәрежесі биік, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білетін ұрпақ тәрбиелеу.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша оқу жылының басында «Қариясы бар ел- қазыналы ел», Қазан айында «Ұстаз аты-биік,әрі мәңгілік» тақырыбында Ұстаздар мерекесіне 7-8 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама өткізілді.Қазан айының бірінші жексенбісі еліміздің ұстаз алдын көрген үлкенді-кішілі азаматтары үшін ерекше күн. Бұл әліппені жаттатып, білім нәрін сіңірген, әлемге сауаттылық нұрын шашып келе жатқан ұстаздар мерекесі. Бұл күні әрқайсымыз өз мұғалімдерімізді, өнердегі, өмірдегі тәлімгерлерлерімізді құттықтап, оларға ылайықты көңіл бөлуге мүмкіндігіміз бар. Жыл сайын мектебімізде өтетін Ұстаздар мерекесі биыл да аталып өтті. .Осы күнге орай Мамыт НОББ мектебі басшылығымен «Ұстаз ұлы дәрежелі, қасиетті мамандық» атты салтанатты жиын өтті. Бұл өткізілген шара арқылы оқушыларды ұстаз еңбегін құрметтеуге,үлгі тұтуға бағытталды. Осындай қиын жұмысты атқарған ұстаз еңбегін қадірлей, құрметтей, ардақ тұта білуге баулиды. «Мұғалім- ардақты есім» тақырыбында сынып сағаттары өтті.. Қараша айында Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Алтын күз сайысы болды. Желтоқсан,Қаңтар, ақпан айларында «Үлкенге –құрмет, кішіге ізет», «Ұрпақтар сабақтастығы, дәстүр жалғастығы» тақырыптарында дөңгелек үстел өтті.

«**Рухани жаңғыру**» бағдарламасы аясында «**Абай деп соққан жүректер**» атты апталық шараның жоспары жасалып бекітілді. Бұл апталықтың мақсаты: Оқушыларды Ұлы ақынның балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен композиторлығын таныту. Абай шығармашылығын сүйіп оқуға , өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру. Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып өсуге тәрбиелеу.







### **Ұлттық тәрбие:**

**Мақсаты:** Ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, бүгінгі мен келешегіне қызмет етуге тәрбиелеу. Қыркүйек айында 1-8 сыныптарда «Қазақтың ұлттық ойындары» қазан айында бастауыш сыныпта « Ұлтым деп асқақтаған ұлан», қаңтар айында 5-6 сыныпта «Ұлттық ойындардың пайдасы», наурыз айында 5-6 сыныпта «Ұлттық болмысты сақтау-рухани жаңғырудың ең басты шарты», мамыр айында «1-мамыр Қазақстанның бірлігі күні» тақырыптарда сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен сынып сағаттары, іс –шаралар өткізілді.

### **4.Отбасы тәрбиесі:**

**Мақсаты:** Отбасы дәстүрін сақтай білуге, ата-анасын, үлкенді қадірлей білуге тәрбиелеу.

Отбасы тәрбиесі бойынша алдымен оқушылардың отбасыларын зерттеу жұмысы жүргізіліп, сыныптың әлеуметтік портреті жасақталып, тұрмыс жағдайын анықтау мақсатында оқушылардың үйлеріне рейд жүргізілді.

Мектеп психологы оқу жылының басында «Отбасындағы ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, нәтижесін қорытындылады. Мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыста мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, діни-теріс ағымдар, балалар қауіпсіздігі, зорлық-зомбылық секілді өзекті мәселелер қарастырылды.

Сонымен қатар отбасы күніне орай барлық сыныпта «Алдымен сүй,ардақты ата анадан», «Отбасы алтын-діңгек» , «Шаңырағым шаттығым» тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарына ата-аналар келіп қатысты. Бастауыш сынып оқушылары отбасының фотосуреттерін дайындап әкелді. Сондай-ақ мектепте ауыл медбикесімен бірлескен «Қыз –болашақ ана» атты қыздарға ақыл-кеңес беру сағаты, 7-8-сыныпта «Отбасы- аялы алақан екені» атты дөңгелек үстел, « Халықтық дәстүр және отбасы» баяндама оқылып, тәрбие сағаттары өткізілді.

#### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие**

**Мақсаты:** Оқушыларды адам және табиғат бойындағы сұлулықты сезіне білуге, туған өлкесіне, өз туған жерін сүйуге, ел байлығын қорғай білуге тәрбиелеу

Еңбек және экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша 5-8 сыныптарда «Еңбек сыры неде» атты тәрбие сағаты, «Менің Қазақстаным-менің болашағым» тақырыбында бастауыш сыныпта сурет байқауы, 1-8 сыныптарда «Табиғатты аялайық», «Қоршаған ортаны қорғайық», «Еңбек түбі береке» атты сынып сағаттары өткізілді 8-сынып оқушыларынан « Мен таңдаған мамандықтың қоғамға пайдасы» тақырыбында шығарма алынды.

#### **6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі**

**Мақсаты:** Тұлғаны жан-жақты дамыту көшбасшылыққа зияткерлікке тәрбиелеу

Интеллектуальді мәдениетті дамыту мақсатында мектепте дарынды оқушылары анықталып, арнайы жұмыс жоспары құрылды. Оқушылар аймақтық, халықаралық байқаулар: «Пони», «Бритш бульдог» т.б. байқауларға қатысып, жетістіктерге жетіп жүр.. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін көшбасшылық қасиетін және дарындылығын, сондай -ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында қазан айында «Қайсарлық пен батылдық» тақырыбында ардагер ұстаздармен кездесу ұйымдастырылып кездесу өз дәрежесінде өтті. Сонымен қатар 6-7 сыныптар арасында «Алтын қақпа» ойын

сайысы өткізілді. Мамыр айында дене шынықтыру пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен оқушылар арасында «Толағай» сайысы өткізілді. Жеңімпаз топтарды марапаттады

**Салауатты өмір салты бағыты:**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында денсаулық күніне орай «Салауатты өмір сүру дегеніміз не?!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Қараша айында сынып жетекшілері

«Салауатты өмір салтын сақтау-болашақты жақтау», «Ішімдік ішу-өзінді құрту», «Никотин және спорт», «Денсаулықты сақтау –баршаның міндеті» тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытындағы шаралар өз дәрежесінде өтті.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие:**

**Мақсаты:** Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру

Эстетикалық тәрбие беру мақсатында 1-8- сынып оқушыларына тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың талғаммен киінуі басты назарда ұсталынады.. Мектепте «Қыздар», «Ұлдар» клубтары мен «Әкелер», «Аналар» мектептері жұмыс жасауда. 0-8 сынып оқушыларына жаңа жыл мерекесі мектепте ұйымдастырылды, барлық мектеп оқушылары маскарадтық костюм киіп, жаңа-жыл кешін ерекше түрде өткізілді. Қыз балаларды әсемдікке баулу, оларға эстетикалық тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, қолөнерге баулуда технология пәні мұғалімі қыздарға жұмсақ ойыншық жасау техникасын үйретті. «Ізгілік – адамгершіліктің белгісі», «Өнерлінің өрісі кең», «Ұлт тағылымы – менің өмірімде» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

**Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінезқұлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу бағыты:**

**Мақсаты:** оқушының қоғамдық ортада өзін ұстай білу, қоғамда сыйлы болуы және бағалануы, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын-алу және әрекет ету балалардың жарақат алуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру Бұл бағыт биылғы жылы жаңадан қосылды. Сынып жетекшілер отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017

жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген Киберқауіпсіздік ТҰЖЫРЫМДАМАСЫмен сынып жетекшілер таныстырылды. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы ("Қазақстанның киберқалқаны") (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі бойынша "Қазақстан-2050" Стратегиясының тәсілдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауына сәйкес әзірленді. Соған орай қыркүйек айында сыныптарда «Қауіпсіз интернет», «Ғаламтордың шырғалаң әлемінде» секілді тақырыптарда оқушыларға сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру Мектеп психологі Оразбаева С.О 7-8 сынып оқушыларына интернеттің адамға тигізетін әсерінен пайда болатын мінездегі ауытқушылыққа байланысты «Мінез-көңіл күйдің айнасы» тақырыбында тренинг ұйымдастырды. Қараша айында 5-6 сыныбында «Интернеттің, ұялы телефонның пайдасы мен зияны» туралы ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жетекшісі Тортаева А.М. оқушыларды топқа бөліп, рөлдік ойындар беріп сабақты қызықты етіп ұйымдастырды.

**Қорытынды:** Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі мінезқұлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу бағыты бойынша шаралар ұйымдастырылды

**Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат.** Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде жалпы ата-аналар жиналысы нәтижесінде ата-аналар комитетінің төрайымы ретінде Жанкүшікова Е, хатшысы Жамалова Ф тағайындалды. Мектепте діни экстремизмнің алдын алу жоспары барысында дін тану пәнінің мұғалімі «Діни қарым-қатынас қашанда нәзік мәселе» ата-аналармен пікірталас өткізді. Сонымен қатар жыл бойы ата-аналармен психологтің ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Кибербуллинг», «Дұрыс тамақтану, фастфуд тамақтардың адама ағзасына зияны», Болашақтың сұраныстағы мамандықтары» т.б тақырыптарда баяндамалар оқып пікір алмасты. 1-4 класстардың ата-аналарымен «Толағай» атты спорттық отбасылық сайыстар өткізілді.

9



«Аруана» –аналар клубы, « Шапағат» әкелер клубы Наурыз мерекесі



## **Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2020 – 2021 оқу жылындағы тәрбие кешенді бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есеп**

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген «Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінн жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатныда **мектептегі тәрбиелік іс-шараларды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** барысында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2020-2021 оқу жылына тәрбие кешенді бағдарламасы 8 бағытта жылдық жоспар құрылды.

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың санасын рухани жаңғырту.

### **Міндеттері:**

1. ҚР–ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының кіші бағдарламаларын басшылыққа алу;
2. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

3. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
4. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
5. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
7. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

#### **Нәтижесінде:**

Жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты- Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жұмысын **ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету** үшін оқушы бойына жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтарды ендіруде класс жетекшілеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсету, олардың кәсіби мамандануы мен шеберліктерінің шыңдалуына ыңғайлы орта құру мақсатында .

Мектеп әкімшілігі жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырып басқару, оқу-тәрбие жұмысын үйлестіру, жақсарты мақсатында мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тәлімгер, әлеуметтік педагог және психолог лауазымындағы қызметкерлер жұмыстанады.

**2020-2021 оқу жылында** қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін жыл бойы педагогикалық кеңестерде тәрбие жұмысы бойынша төмендегідей мәселелер қарастырылды: Мектептің 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие үрдісінің жүргізілген жұмыстарының қортындысы, жаңа оқу жылының міндеттері, мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспар жобасын талқылау, бекіту; «Жалпыға міндетті оқуды жүзеге асыру айлығын өткізу туралы»; .

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру (ата-аналар мектебі); Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары. «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы, діни экстертемизм;

### **Мерекелік шаралар және тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар:**

Әйтеке би білім бөлімінің 2020 жылдың 19 тамызындағы № 99 Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің № 32 бұйрықтары негізінде 2020-2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастап, оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 1 қыркүйек білім күніне орай еліміздің негізгі Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 25 жылдығына арналған «Конституция – біздің болашағымыз» тақырыбында барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып

I ауысымның оқушыларына сағат 09:00, II ауысым 10:00 тәрбие сағаттары өткізілді.

2020 – 2021 оқу жылында кезекші мұғалімдер оқушылардың температураларын өлшеп, қолдарын антисептикпен жуу жұмысы қатаң тәртіппен қадағаланды. Екінші сабақтан соң оқу кабинеттері түбегелі ылғалды жинау жұмысы жүргізілді.

### **1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық қалыптастыру.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде Тәрбие ісінің орынбасары Бұхарбаева Ж.М. Тәлімгер Сағынайқызы З. Сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қоғам мүдделеріне деген сатқындыққа қарсымыз» пікірсайыс , 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай 1-9 класстар аралығында «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары, Тәуелсіздік күніне байланысты «Тұғыры биік Тәуелсіздік» шаралары өткізілді.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 9 мамыр Жеңіс күніне орай тәлімгер Сағынайқызы З және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бұхарбаева Ж.М. және класс жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым» тақырыбында 5-9 класстар аралығында,

1-4 класстар арасында Жеңіс күніне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

## **2. Рухани-танымдық, адамгершілік тәрбие бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адам заттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 1-қазан қарттар күніне арналған 1-4 класстар аралығында "Қарттарым – асыл қазынам" атты тәрбие сағаттары өтті..

Қазан айының алғашқы жексенбісі Ұстаздар күніне орай «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» тақырыбында Жас ұлан балалар ұйымының қатысуымен іс-шара өткізілді. «Кітап сарқылмас рухани қазына» атты 5-6 сынып жетекшісінің ұйымдастыруымен ашық тәрбие сағаттары өткізілді.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде қоғамға ерікті түрде қызмет етуге баулу мақсатында ерікті жастардан «Қоғамға қызмет» волонтерлар клубы құрылды.

### **3. Ұлттық тәрбие бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностарымен этностық топтарына құрмет көрсету *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «Рухани Қазына» ішкі бағдарламаның базалық бағыттарына сәйкес*

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 22-қыркүйек ҚР «Тілдер күніне» орай *«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»* атты іс-шаралар жоспары құрылып өткізілді. 1-9 сыныптарда тәрбие сағаттары және Тілдер күніне орай өткізілді Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Туған жер – тал бесігім» ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде Ұлыстың Ұлы күні Әз-Наурыз мерекесі қарсаңында іс-шараларды қашықтықтан ұйымдастыру жоспары жасалып іс-шаралары өткізілді.

### **4. Отбасылық тәрбие бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отбасы әлемі» жобасы негізінде ұйымдастыру.*

Кешенді тәрбие жоспарына қосымша қашықтықтан ата-аналармен бірлескен жұмыстарды ұйымдастыру үшін 2020-2021 оқу жылына арналған ата-аналармен жүрзілетін іс-шаралар және аналар мен әкелер мектебінің жұмыс жоспарлары дайындалып бекітілді.

2020 жылдың қыркүйек айында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Отбасы – қоғамның алтын дінгегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жианалысында қазіргі қоғамдағы бала тәрбиесі туралы «Ата-ананы құрметтеу әр бір баланың борышы» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді. «Баланың рухани дамуы отбасынан басталады» атты тақырыбында тәрбие ісінің орынбасарының ұйымдастыруымен ата-аналарға тренинг өткізілді.

Жалпы республикалық отбасы күніне орай барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде оқушылардың күзгі демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар өткізілді.

15-мамар Халықаралық отбасы күніне орай «Менің Отбасым» бейне құттықтау, «Менің Жанұям» тақырыбында «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

1-9 класстар аралығында «Отбасындағы менің құқығым» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

#### **5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде күзгі көктемгі мезгілдерінде биология, технология пәнінің мұғалімдері Оразбаева С.О Бахитов А.Е. ұйымдастыруымен «Ең таза сынып», «Табигатты таза ұстау – адамзаттың борышы» ұранымен гүлзарлар егу, айналаны тазалау, бау-бақшаларды отырғызу мен жинау уақытында сенбіліктер ұйымдастырылды.

#### **6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

«Ғаламторсыз өмір мүмкінбе?» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды. Мақсаты оқушылар арасында әлеуметтік желінің үнемі пайдалы ақпараттарға толы бола бермейтіндігін әр түрлі гаджеттердің адам ағзасына зияндылығын түсіндіру үшін және кей жағдайда адам өміріне қауіпсіздік төндіретіндігінде «Киббербуллинг» пікірсақайыс өткізілді.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен Тәлімгер Сағынайқызының ұйымдастыруымен ақпан айында «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атты зияткерлік сайыс ұйымдастырылды. 12-сәуір Ғарышкерлер күніне орай «Ғарыш әлеміне саяхат» атты тәрбие сағаттары сабақтары өткізілді.

#### **7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру. Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде мектеп тәлімгері Сағынайқызы 3 ұйымдастыруымен қазан айында «Күз береке, күз мереке» кеш өткізілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында

«Абай деп соққан жүректер» атты апталық шараның жоспары жасалып бекітілді. 8-наурыз мерекесі қарсаңында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде мектепшілік «Анаңа сыйлық сыйла» атты қол өнер

байқауы ұйымдастырылды. «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тәлімгер ,сынып жетекшілердің қызғалдақтар қыздар ұйымының ұйымдастыруымен сайыс өткізілді



М  
класст  
К  
атты

б  
Е  
я

м  
ы  
се

ың бірлігі күніне орай 1-9  
өткізілді.  
рай "Ән –көңілдің ажары"

#### **8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша жүргізілген іс-шаралар.**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Оқушыларды салауатты өмір салтын сақтауға үйрету, бейімдеу, тәрбиелеу мақсатында 2020 жылдың қыркүйек айының алғашқа аптасында «Денсаулық фестивалі -2020» байқауы ұйымдастырылды. Сынып аралық футбол сайысы, әр түрлі спорттық эстафеталық сайыстар мен президенттік нормативті орындау іс-шаралары өткізілді.

Жыл бойы әр түрлі тақырыптық, мерекелік іс-шараларды спорттық қолдау мақсатында мұғалімдер мен оқушылар арасында футбол, волейбол біріншіліктері өткізілді.


Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде оқушылардың күзгі демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Қазақстан балалары - күзгі интерактив!» тақырыбымен спорттық іс-шаралар өткізілді.

Қысқы спорт түрлері бойынша спорт секцияларының желісін кеңейту мақсатында сыныптан тыс іс шаралар және қысқы демалыс уақытында балалардың бос уақытын тиімді тайдалану үшін «Шаңғы» жарысы өткізілді.

Нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекішегудің, АИТВ-ның алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша «АИТВ/ЖҚТБ мәселесі және олардан сақтану жолдары», «ЖҚТБ-тен қалай қорғанамыз?»

«Аулақ бол жаман әдеттен» темекінің «Бір –біріңе жақын,есіркіден алыс», тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мамыт не  
«Тоғыз кү  
«Кор  
түсіндірм  
Қыз  
«Қызғалда



ға негізделген тақырыптарда

мен қызметкерлерімен бірлескен

жылдық жұмыс жоспары құрылып  
ді

**Мектепшілік оқушылардың өзін-өзі басқару және дебат ұйымының жұмыстары.** Мектепте «Бірыңғай "Жас Қыран" балалар мен "Жас Ұлан" жасөспірімдер ұйымы» мен «Өзін – өзі басқару» ұйымы, «Қызғалдақ» қыз балалар мен «Мұрагер» ер балалар және «Ұшқыр ой» дебат клубы, «Театр және өнер» үйірмесі, «Жас құтқарушылар» үйірмесі құрлған.

«Бірыңғай "Жас Қыран" балалар мен "Жас Ұлан" жасөспірімдер ұйымы» өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында жұмыстарды жүргізілді.

Мектеп тәлімгері Сағынайқызы З. 2020 – 2021 оқу жылына жоспар құрып, нормативтік құжаттарға сүйене отырып, тиісті деңгейде жұмыстар атқарылды.

2020 - 2021 оқу жылдарында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран», «Жас Ұлан» мәліметтер базасы жаңартылып, бекітілді. Аталған оқу жылы бойынша оқушылар ұйымының құрамы жаңадан сайланып, «Жас Ұлан» балалар ұйымының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Ұланбасы болып 9 сынып оқушысы Нұрғалиева Тілектес сайланды. «Жас Ұлан» кеңесінің мүшелері туралы толық мәліметтер жинақталып, оқушылар ұйымының отырыстары уақытында жоспар бойынша өткізілді.

16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 3/5 класс оқушыларын "Жас Ұлан" және "Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау рәсімі болып өтті. Барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып 3-сынып оқушылары (5 оқушы) мен 5-сынып оқушыларын (2 оқушы) «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау рәсімі болып өтті.

Оқу жылы	Оқушылар саны	«Жас Ұлан»	«Жас Қыран»	Барлығы
2020 - 2021	7	2	5	7



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 2020 -2021 оқу жылында «Өзін – өзі басқару» ұйымы өз жұмысын бастады. Бұл ұйым оқушылардың мұғалімдер құрамымен және зияткерлік мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады. Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті мен фракция мүшелерін сайлау өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті ретінде сайлау нәтижесіне сәйкес 9 класс оқушысы Сарсенбаева Шаттық бекітілді. Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің 5 отырысы өткізілді. Ұйым мүшелері мектептегі қоғамдық шараларды ұйымдастыруда белсенділік танытып, бір қатар шаралардың ұйымдастырылу форматына өзгерістердің енгізілуіне үлестерін қосты.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде 2020 -2021 оқу жылында «Ұшқыр ой» атауымен дебаттық клуб өз жұмысын бастады. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Тортаева С.О Оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай 2 топқа бөлінді. Оқушылар арасында пікір-сайыс бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу, клубтың әр мүшесінің пікір-сайыс теориясын жетік меңгеруін және осы бағытта үнемі ізденісте болуына ықпал ету үшін кеңінен танымдық кездесулер өткізілді.

#### **Қосымша білім білім беру бағытындағы жұмыстар.**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2020-2021 оқу жылында «Үстел теннисі» спорттық секциялары жұмыс жасайды.

#### **Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2021 – 2022 оқу жылындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалуы туралы жылдық есебі**

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебіндегі 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие ісінің жылдық жоспары Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарды басшылыққа алынып жасалынған

#### ***Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:***

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;



- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады және «Әліппе»/«Букварь» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етіледі. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары ата-аналарының біреуіне қатысу ұсынылады. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өтеді. Жаңа оқу жылында білім алушыларға мектеп формасы бойынша талаптар сақталады, сондай-ақ классикалық стилдегі ыңғайлы киіммен баруға рұқсат етіледі

### **Міндеттері:**

- 1.Мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатынасты үздіксіз дамыту;
- 2.Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында пәндік және спорттық үйірмелер жұмысын жүйелі ұйымдастыру;
- 3.Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаушы отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу;

4. Мемлекеттің қамқорлығын қажет етуші отбасыға өмірлік қиыншылықтар туындаған жағдайда қол ұшын беру, заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психологиялық қолдау көрсету;
- . Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту аясында семинар-кеңестер, кәсіби байқаулар, педагогикалық оқылымдар ұйымдастыру;
7. Мектеп оқушыларының өмірі мен денсаулығын қорғау, оқушы қызметінің құқықтық жауапкершілігі мен заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру аясында әр күні бақылау, қадағалау жұмыстарын жүргізу;
8. Тәрбие жұмысының сапасы мен нәтижесін анықтаудың мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру;

Мектеп тәрбие саласында тәрбие кешенді жоспарымен қоса қосымша тәрбие бағдарламаларының жоспары, «Діни-экстремизмнің алдын алу», «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Мемлекеттік және мәдени іс шаралар жоспары», психологпен бірлескен «Әр түрлі келеңсіздіктің алдан алу жоспары», «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жоспарымен», «АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу», «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің алдын алу» жұмыстанады.

### **Мерекелік шаралар және 8 бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар.**

2021 жылғы 1 – қыркүйегінде білім күніне «Кел балалар оқылық» атты салтанатты жиын және барлық сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

1-сыныпқа арналған салтанатты жиын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен басталды. Мерейлі мерекенің алғашқы құттықтау сөзі мектеп директоры Л.Б.Балмакановаға берілді. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер атынан ата-аналарыда өз кезегінде ақ батасын беріп, салмақты ойын айтып сөз сөйледі. Білім алушылар өлең жолдарымен көрермендерді өздеріне тәнті етіп, мектеп басшысының ізгі тілектерімен, салтанатты түрде «Әліппе» оқулықтары табысталды. Ауыл ақ сақалдары мен ақ орамалды әжелерінің баталарын алып, 1-сынып оқушысы Жексенбай Аружан сыңғырлата алғашқы қоңырауды соғып, салтанатты жиын аяқталды.



Қыркүйек айында 30 тамыз ҚР-ның Конституциясы күніне орай «Ата Заңым- мақтанышым» тақырыбында сынып жетекшілер ата заңымыз туралы оқушыларға мағлұматтар берді. «Жас ұлан», «Жас қыран» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жыл бойғы жоспары жасалып басшылық пен бекітілді. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында : оқушылыр арасында «Тәртіпсіздік. Әлімжеттік. Қылмыс» тақырыбында жиналыс өткізілді.

22-қыркүйек ҚР «Тілдер күніне» орай Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Тіл-ұлттық белгі, халықтың мұра» атты 8-9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты өтті. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» туралы мағлұматтар беріліп, оқушылардың ой-өрісі дамыды. «Туған тілім тірлігімнің айғағы» атты бөлімде білім алушылар өздері білетін ұлттық құндылығымыз туралы өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқып, бір-бірінен кем түспеді. Тілге байланысты мақал-мәтелдерді жарыса айтқан оқушылар «Ана тілің арың бұл...» тақырыбында эссе құрап, өздеріне сыни көзқарас тұрғысынан саралады. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларға тақырып бойынша өзекті сұрақтар қойылды. Үйге «Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы» тақырыбында ой-толғай жазуға берілді



« **Оқуға құштар мектеп** » жобасы аясында Оразбаеваның ұйымдастыруымен « Кітап оқиық» кітап көрмесі болды. «**Оқуға құштар мектеп**» бұрышы жасалды. «**Ерте жастан экологиялық мәдениет**» жобасы аясында Семей ядролық сынақ полигонының жабылғына-30 жыл, « Семей полигонының жабылуы – мемлекетіміз егемендігінің жетістігі» туралы 1-9 сынып жетекшілері насихат жұмыстарын жүргізді..

« **Үнем- қоғам қуаты**» жобасында «Суды үнемді пайдаланайық» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру :** Мақсаты дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылықтарын қалыптастыру бағытында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бахитов Айдан 1-9 класс оқушылар арасында « Дені сау ұлт – ел болашағы» тақырыбында әңгіме –сұхбат жүргізілді.

. Қыркүйек айының 1аптасы Қазақстан Республикасы бойынша «Отбасы күні» болып белгіленген осыған орай мектепте тәрбие ісінің меңгерушісі мен мектеп психологі ата-аналармен кездесу , ата-аналармен тренинг «Отбасы – өмір аясы» тақырыбында өткізілді .1-9 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өтті.

**Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие бағыты бойынша :** Бастауыш сынып мұғалімдері 1-4 класс оқушыларына «Әдептілік –адамгершілік айнасы » тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Рухани – адамгершілік тәрбие: Мақсаты:** оқушылар бойында адамгершілік сана, құндылық қасиеттері ар-ождан, ар-намыс, сенім, жауапкершілік, мейірімділік , ұят, парыз, ынтымақ құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрі мен тілін құрметтеу, өмірге этикалық жауапты көзқарас құндылықтарын қалыптастыру. « **Қоғамға қызмет** » жобасына байланысты 1-қазан қарттар күніне орай «Қарттарым аман-сау жүрші» мерекелік шарасы 8-9 сынып оқушыларының белсене қатысуымен ұйымдастырылып, басы жүргізушінің құттықтауымен басталды. Ауыл ақ сақалдары мен ақ жаулықты әжелерді құрметті қонақ ретінде сыйлап шақырылып, құрметтеріне

«Туған жер» әні шырқалды. Қарт зейнеткер ұстазымызға сөз беріліп, әжелер ақылымен, аталар ақылымен бөлісті. Білім алушылар «Мен атам мен әжемнің жалғасымын» бөлімінде жүрекжарды өлеңдерін мәнеріне келтіре оқыды. М.Мақатаевтың «Әкеге арнау» өлеңінен соң, зейнеткер ұстаз Мендікұлова Тұрсын апайға алғысымызды айтып, құттықтау сөз кезегі берілді. Оқушылардың «Анама хат» әні көрермендер жүрегінен жылы орын алды. «Тоқта балам, атаң келер артыңда» атты мән-мағынасы мол көрініс бейнеленіп, «Реніш» өлеңі арқылы жалғасын тапты. «Әкелер», «Ауылым сенің іргелі», «Әке туралы жыр», «Ақерке жайық» әндері шырқалып, ауыл қарттарының батасымен шара өз мәресіне жетті. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» және мұғалімдер күніне орай «Ұстазым – үлгі, өнеге, ұлағатым» атты концерттік бағдарламалар өткізілді

Мамыт  
адамды  
ұйымд  
және о



тебінд  
дамгер  
тті. Ш  
тықтау



і ғалам  
ар күні  
орынба  
Б.Балма



мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне жеміс, табыс тіледі. Оқушылар ұстаздарға арналған өлең жолдарын оқыса

8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас ұстаздарға арнап ән жолдады. Шара барысында Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінен түлеп ұшқан түлектердің ұстаздарына арналған жүрекжарды игі тілектетін экран арқылы тамашалап тыңдады. Шара соңында кәсіподақ қйымы атынан шағын сыйлықтар табысталып, ұстаздар қауымының мерейін бір көтерді.



. **«Тарих тағылымы» жобасы:** тақырыбында

Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына байланысты «От жүректі Қасым ақын» атты тәрбие сағаты өткізілді. **«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы** Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылар арасында тәрбие ісінің орынбасары Бұхарбаева оқушыларға жиналыс өткізді. **Мектеп психологі: Оразбаева С.О** Қазан айында «Зорлық – зомбылық және балалар» тақырыбында 8-9 класс оқушыларына психодиагностикалық сауалнама алды. «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг өткізді.

Жоспарға сәйкес А.Тортаеваның ұйымдастыруымен «Күз ханзадасы 2021» атты бойында өршіл рухы бар, парасатты жігіттер сайысы өтті. Мерекелік шара 5-7 сынып оқушыларының жыр шумақтарымен басталып, көрініс ретінде сахналанды.

Байқау бағдарламасы:

1. «Таныстырсам өзімді» - таныстыру
2. «Сегіз қырлы, бір сырлы» - өз өнерін көрсету
3. «Күзгі еңбек» - макет дайындау
4. «Сұрақ бізден, жауап сізден» - сұрақтарға жауап беру
5. «Кім епті, кім шапшаң?» - жаңылтпашты жаңылмай айту

Бақтарын сынап, сынып намысын қорғап қатысқан 7-9 класс оқушылары көрсеткен өнерлеріне байланысты атақтарға ие болды. 9 класс оқушысы Наурызбай Тимур «Күз ханзадасы 2021» атағына ие болды. 8 класс оқушысы Оразалы Жолдас «Өнерлі жігіт», 7 класс оқушысы Темірбекұлы Темірлан «Сиқыршы жігіт», Сәндібек Бекарыс «Шебер жігіт» атақтарына ие болды.





**Ұлттық тәрбие бағыты: Мақсаты** өз салт-дәстүрі, әдет –ғұрыптары, мәдени мұраларын сақтау, дәстүр арқылы ұлттық сана- сезімді қалыптастыру. Тәрбие ісінің орынбасары Бұхарбаева Ж.М «Ата салтым – асыл мұрам» атты ұлдар және қыздар кеңесі өткізілді



**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша:** «Өзінің кәсіби саласында елеулі нәтижеге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі, қызметі кеңінен танымал тұлғалар», «Жануарларға қайырымды болайық», «Өз денсаулығыңды күте біл!» тақырыптарында оқушыларға әңгіме, насихат, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру үшін іс-шаралар жоспары құрылып, бекітіліп, жоспар бойынша өткізілді.

**Рухани – адамгершілік тәрбие** бағыты бойынша қараша айында Бастауыш сынып мұғалімі Қуандықова Мөлдір Қазақтың педагог ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым- этнограф Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай «Ыбырай тағылымы» атты апталық өткізілді. Апталық мақсаты – оқушыларға Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын таныстыру, сыныптан тыс іс-шаралар арқылы оқушының қызығушылығын арттыру.

«Жасөспірімдер арасындағы діни экстремизмнің, терроризмнің алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мұрагер» ұлдар кеңесі мен «Қызғалдақтар» қыздар кеңесінің жоспарына сәйкес «дәстүр мен ғұрып» жобасында « Салт дәстүрім – таусылмайтын байлығым » тақырыбында кеңес өтті.

Ата-бабадан қалған мұрамыз салт-дәстүріміздің ара-жігі ажыратылып, оқушылармен пікірталас арқылы тақырып ашылды. Ұлттық санамызда бұрыннан бар «14-наурыз Көрісу күні» туралы оқушыларға арнайы дайындалған бейнебаян көрсетілді. Оқушылардың осы уақытқа дейінгі алған білімін саралап, жетілдіру мақсатында сиқырлы ұяшық арқылы кеңес қорытындыланды.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Мұрагер» ұлдар кеңесі жоспарына сәйкес ұтымды пікірталас, ашық кеңес беру. 5-9 сынып арасындағы ер балалардың жоғары дәрежеде қатысуымен өткен жиналыс барысында темекінің зиянына баса назар аударылды. Қоғамдық маңызы бар бейнебаяннан түйген ойларын ВЕНН диаграммаға түсіріп, өзара пікір алмасты. Денсаулық ұғымына қатысты сөзжұмбақты игерген білімдерінің арқасында бәсекелестікпен шеше білді.





**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі. Мақсаты:** оқушыларға білім құндылығын, зияткерлік ұстанымның құндылығын, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттерімен дарындылық құндылықтарын, кибермәдениет пен кибергигиенасын қалыптастыру. Киббербулинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? Тақырыбында педагог- психолог Оразбаева ата-аналарға жиналыс өткізді. Дебат клубының жетекшісі : Тортаева С.О «Білім құндылығы неде » тақырыбында зияткерлік пікірсайыс өткізді.



Желтоқсан айында 1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президент күніне арналған «Елін сүйген Елбасы » атты мерекелік шара өтті. Шараға оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, мектеп ұстаздары және оқушылар қатысты. 7-8 сынып оқушылары шара барысында Елбасымыз туралы ізгі-ниетпен жазылған жыр шумақтарын айтса, 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас әсем әуенмен мереке сәнін келтірді. Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағы мен қазіргі жетістіктерін ауқымды түрде қамтыған бейнебаян көрсетіліп, оқушылардың арнайы дайындаған Елбасы туралы тың да, қызық мәліметтері көреремендер назарына ұсынылды. Мерекелік шара оқушылардың хорымен аяқталды



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде жоспарға сәйкес тәлімгер Қ.Ә.Сламованың ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өтті.

Мақсаты: оқушылардың еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Жиынға мектебіміздің озат, үлгілі шәкірті ретінде 2-4-сыныптар арасынан «Жас Қыран» ұйымына 12 оқушы, 5-сыныптар арасынан «Жас Ұлан» ұйымына 3 оқушы қабылданды. Оқушылар ант қабылдап, оларға мектеп ұжымы галстук пен төсбелгі тақты. Мектеп басшысы «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қосылған оқушыларға құттықтау сөзінде жылы лебізін білдіріп, анттарына адал болуын, ұйымда белсенді көрінуін тіледі.



М  
3  
о

Бере  
ің к  
ен «

қс  
ұй  
д е

Гәуе  
іп  
елік

өтті. Шара басында «Желтоқсан оқиғасынан» үзінді қойылды. Осы егемендікке жетуге бар күшін салған аға-апаларымыз туралы тұтымды ойлар мен өзекті мағұлматтар берілді. Оқушылардың хорымен аяқталды.



Психолог: Оразбаева С.О « Мен зорлық –зомбылыққа қарсымын» тренингі, Бұхарбаева Ж.М.« Отбасындағы адалдық, достық қарым-қатынастары» пікіралысу, Бата ұлттық тәлім- тәрбие бастауы атты танымдық сабақтар өткізілді

Жоспарға сәйкес «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелерінің қатысуымен «Сен мәдениеттілікті қалай түсінесің?» тақырыбында пікірталас өтті. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін дарытып, «әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мұғалім психологиялық ахуал туғызып, білім алушылардың зейінін пікірталас алаңына аударды. Оқушылар 3 топқа бөлініп, құпия хаттар бойынша жұмыстанды. Әр ситуациялық хатқа оқушылар ерекше ынтызарлықпен жауап берді. Қима қағаздарда берілген мақал-мәтелдердің үзінділердің жалғасын тауып, белсенділікпен қатысты. Пікірталас соңында оқушылармен бірлесіп «Әдептілік ережесі» құрылды.

Мамыт не  
сынып оқ  
алушылар



өрлет қ  
санып, і



тиндік талапқа сәйкес 9-  
ұжымы мен білім



«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Білім өмір шырағы» атты интеллектуалдық сайыс өтті. Шешендік сөздер, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері арқылы жеткіншектердің адамгершілік сезімін, мәдени деңгейі мен эстетикалық талғамын қалыптастыру мақсатын арқау еткен сайыс барысы 5 айналымнан тұрды. Қатысушыларды сергіту мақсатында 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдастың жігерлі, рухты өлеңі шырқалды. 1-айналымда 2 минут ішінде өздері білетін мақал-мәтелді айтып бақ сынаса, 2-айналымда үзінді берілген мақалдың жалғасын табу арқылы жарысты. 3-айналым барысы ұяшықтарды таңдау арқылы алынған қанатты сөздерге толық мағұлмат беру шартынан тұрды. 4-айналымда әр қатысушыға жеке дайындалған 3 тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашып көрсету болса, 5-айналым шешендікті негіз ететін, ұлттымыз қасиетті деп санайтын 7 санына сәйкес сұрақтарға ұтымды жауапты қамтыды. Қазылар саралай келе 7-сынып оқушысы Темірбекұлы Темірлан озық шығып, марапатталды



«Тарих тағылымы» жобасында Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сартаев , тәрбие ісі орынбасары Бұхарбаеваның ұйымдастыруымен Қазақтың халық ақыны Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай 7-9 сынып оқушыларының қатысуымен тәрбие сағаты өткізілді.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бахитов Айдан мектепшілік дойбы жарысын өткізді.

Ақпан айында Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша музыка пәнінің мұғалімі Тортаеваның ұйымдастыруымен Қазақтың әйгілі күйшісі, композитор, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың 160 жылдығына орай «Күй анасы Дина» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Нашақорлық – ғасыр дерті» нашақорлықтың алдын-алу атты тренинг өтті. 7,8,9 сынып оқушылары үш топқа бөлінді. Топ арасында сенімдік қатынасты қалыптастыру, мамандық таңдауға қызығушылық ояту мақсатында «Балалық шағымда» тренингі жүргізілді. Әр бала 3 минут ішінде берілген карточкаларға балалық шағында кім болғысы келген себептерін жазып, бір-бірімен алмасып, белгісіз автордың жазғанын толықтырды. Оқушылар арасында бір-біріне деген қызығушылықты оятты. Балаларға бір-бірімен жақынырақ танысып сенімділік атмосферасын орнатуды мұрат еткен «Социометрия» әдісі жүзеге асты. «Миға шабуыл» әдісі арқылы сыныптарға нашақорлық, шылым, темекі туралы тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. «Нашақор адамның, ішкіш адамның, темекі шегетін адамның суретті» жаттығуында оқушылардың тәуелділік жағдайын тереңірек сезініп, суретке деген қабілеті мен тақырыпты ашуы бейнеленді. Терең дискриминацияның терең себептерін ұғынуды мақсат еткен «Шеңбер сыртында» жаттығу бөлмеде еркін жіріп, жүргізушінің сұранысы бойынша әр оқушы өзіне сыңар тауып үлкен шеңбер құруды. Ойынның соңында қаттысушылар сезімдерімен бөлісті.



9-ақпан күні ақиық ақын, қазақтың маңдайына біткен жұлдызы - Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл

толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сламова Қаракөзайым Әлқуанышқызының ұйымдастыруымен 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен әдеби кеш өтті. Кеш басы Мұқағали образындағы 7-сынып оқушысы Темірбекұлы Темірланның «Пай,пай өмір!» өлеңін оқумен басталды. «Менің анкетам» өлеңін сахналық образда 5-сынып оқушысы Бөтеген Алпамыс пен 6-сынып оқушысы Тәңірбергенұлы Шерхан сахналады. Алаш барда аты өшпейтін, ұлтымыз ұлықтайтын, туындылары шаң басып архивтерде жатпайтын тұлға – Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы туралы өмірбаян көрермендерге ұсынылды. Оқушылардың атсалысуымен Тұманбай мен Мұқағали арасындағы диалог көрсетіліп, 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас «Есіңе мені алғайсың» әнін шырқады. Мұқағали шығармашылығын бірге дәріптелік деген ізгі оймен 5-6 сынып оқушылары жыр шумақтарынан үзінділер оқылып, «Сенің көзің» атты әсем әуен шырқалды. Еліміздің барлығына таныс «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын 5-7 сынып оқушылары жоғары дәрежеде, сахналық шеберлікпен ойнап көрермен көзайымына айналды. Таңғы шықтай мөлдір, сырлы әуенді – «Бақыт деген» әнін 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділناз орындады. Қазақ поэзиясының шоқтығын биік көтерген талант иесінің «Алтай-Атырау» поэмасын нақышына келтіре 5-8 сынып оқушылары мәнерлеп оқыды. Поэзия кештің қорытынды сөзін мектеп директоры Л.Б.Балмаканова берілді. Әдеби кеш 5-9 сынып оқушыларының «Саржайлау» хорымен аяқталды.



береті... п оқушылары «1 наурыз – Алғыс айту күні» мерекесіне қағаздармен өз алғыстарын білдіріп, бейнебаян түсірді. ы жұ... ерін мағынасы терең сөз тіркестері арқылы жеткізсе, 7- өндер... арқылы өз тілектерін білдірді.



Қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алашт партиясының жетекшісі, ғалым аудармашы Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына орай 5-9 сынып оқушыларына дөңгелек үстел өткізілді. 8-наурыз халықаралық аналар мен нәзік жандылардың мерекесіне орай «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» атты іс шараны тарих пәнінің мұғалімі Ә.Ж.Муса мен қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Қ.Ә.Сламованың ұйымдастыруымен өтті. Мерекелік шараның басы 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділназдың «Аяулы ана» атты әсем әуенімен басталды. 5-9 сынып оқушыларының «Кешірші мен, Ана» атты танымдық көрінісі кеш барысына сән беріп, көрермен ұстаздар мен аналарға эмоция сыйлады. Биылғы түлектеріміз 9-сынып оқушыларының орындауында «Ұстазым» әні шырқалып, әуен аясында оқушылар дайындаған ашық хат пен тәттілер ұлағатты ұстаздар мен асыл аналарға табысталды. 5-6 сынып оқушылары ақиық ақындарымыздан өнеге болып қалған өлең-жырларын мәнерлеп оқыды. Көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында қызық ойындар ойнатылып, пародиялық көрініс аналар қауымының көңілінен шықты. Концерттік бағдарлама соңы 5-9 сынып оқушыларының түгел атсалудымен «Ұстазым» атты хормен аяқталды.



Наурыз мерекесіне орай өткізілген 10 күндіктің басы ұйымдастырушы А.Тортаеваның

14 наурыз – «Көрісу күні» мейрамын насихаттауымен басталды. Ауылдың ақ жаулықты әжелерінің төс қағыстыра көрісуімен өрбіген мерекелік кеш ақ тілек пен шашумен жалғасты. Ұмыт бола бастаған ырым-жоралғыларға түсінік беріп, «Аластау» ырымынан үлгі көрсетіп, оқушылар танымын молайтты. Ақ дәммен көмкерілген - ақ дастархан басына жиналған әжелердің ақ батасы мен оқушылардың әсем әуендері көрісу күнінің сәнін келтірді.

15 наурыз - «Бата беру күні» сана-сеніміздегі, дін мен дәстүріміздегі асыл ұғым болып, өз құндылығын жоймаған күн. «Жаңбырмен – жер көгерер, Батамен – ел көгерер» деп ата-бабаларымыздан қалған сөз Қыдыр Баба мен асыл әжелердің ақ тілектерінің тоғысы батамен дарыды. Мектеп оқушылары әсем әуенмен, тапқыр көріністермен мерекелік қуаныш сыйлады.

16 наурыз «Жайлау күні» мен 17 наурыз «Сарқыт күндері» бастауыш сынып оқушылары кемеліне жеткізе тойлады. Әнмен өрбітіп, бимен көпшіл қауымға жайраңдап көктемнің келе жатқанын сездіргендей болды. Самарқанның көк тасы жібіп, төрт түлік жайлауға бет алатын бұл сәтті көрнекті көріністерімен, әзіл-шыны аралас қағытпа қойылымдарымен ұтымды таныстырды.

18 наурыз – «Игі істер күні» қайырымдылық күні орта буын мектеп оқушылары ауыл тұрғындары мен мектеп маңайының қарын тазалап, көмек қолын созды.

19 наурыз – «Ұлттық спорт күні» дене шынықтыру пәндерінің мұғалімі А.Бахитовтың ұйымдастыруымен 5-9 сынып ер балаларының арасында сайыс өтті. «Қол күрес» сайысында 1-орынды Оразалы Жолдас, 2-орынды Темірбекұлы Темірлан, 3-орынды Сәндібек Бекарыс иеленді. Алдын-ала жұптасып қатысқан «Арқан тартыс» ойынында 1-орынды Оразалы Жолдас пен Темірбекұлы Темірлан алса, 2-орынды Бейбіт Құмар мен 3-сынып оқушылары, 3-орынды Бөтеген Олжас пен Сәндібек Бекарыс қанжығалап, жүлделі орынды иеленген оқушыларға ақшалай сыйақы табысталды.

20 наурыз – «Шаттық күні» С.Орабаеваның ұйымдастыруымен ұлттық ойын түрлерін оқушылар естеріне түсіріп, дәріптеді. Бұрымды қыздар қос етек көйлек, көздің жауын алатын сырға тағып, жасанып шықса, ер балалар қауымы ұлттық оюмен ойылған сәнді шапан, бозбаланың көркі қазақи бөрікпен шығып «Сақина», «Теңге алу», «Бүркіт», «Асық» сынды ұлттық ойындарға белсене атсалысты.



21-наурыз – «Шеберлер күні» қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі көркем еңбек пәнінің мұғалімі Л.Сарсенбаеваның ұйымдастыруымен өтті. Он қолынын бал тамған, шебер қыздарымыз: 5-сынып оқушысы Оразбаева Нұрай кестемен көмкеріп, 8-сынып оқушысы Сәндібек Диана кілемше тоқып, 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділназ құрақ көрпе тігіп ақ жаулықты әжелерімізге өз өнерлерін көрсетті.

22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні» Г.Шаймолдинаның бастауымен мерекелік концерт өтті. Мерекелік концерт басы табиғаттың тылсым тіршілігі бейнеленген бейнебаянмен үндескен жүргізушілердің ашуымен басталды. Бүгінгі күні өткен күнге салауат айтып, келер күннен береке тілеп, жақсы достық көңілмен жылы лебізімізді мектеп директоры Л.Б.Балмаканованың құттықтау сөзімен басталды. Ұлы күнде тілеу айту достық көңілмен адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі, Несібелді әженің ата-аналар қауымы атынан ақ тілегі 9-сынып оқушысы Сәндібек Ділназдың «Тойбастар әлеумет» әнімен жалғасын тапты. 8-сынып оқушысы мың бұралған бишіміз – Сәндібек Диана өршіл рухты - «Жұмырқылыш» биімен көпшіліктің көңілін бір сергітті. Баяу әуенмен, сезімге толы – «Шақырады көктем» әнін 8-сынып оқушысы Оразалы Жолдас шырқады. Наурыз мерекесінің сәні Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбайдың көрінісінен үзінді қойылы, 4-сынып оқушыларының «қазақ биі» көрермендерді өздеріне тәнті етті. 7-9 сынып білім алушыларының «Қазақтың дәстүрлері – ай» мерекелік әнімен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. 5-6 сынып оқушыларының орындауында «Наурыз-мереке» әнімен, тойдың сәні «Қара жорға» биіде мерекелік концертте кенде қалмады. Мерейлі мерекеміздің қарсаңында әзілмен көмкерілген пародиялық көрініс көптің жүрегін жаулады. «Беу, наурыз» әні шырайлана сән беріп, наурыздың ақ батас

дрды. Мерекелік концерт «Атамекен» хорымен өз мәресіне жетті.



Қазақстандық патриотизм және азамттық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша сәуір айында 12 сәуір Ғарышкерлер күніне байланысты, «Қоршаған ортаға ұқыпты қарайық!» тақырыптарында сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді.

1 Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай жоспар құрылып бекітілді. 1 Мамыр күні «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік концертте татар, қазақ, орыс, украин, болгар, испан, кавказ, өзбек ұлтарының биі мен әндері айтылып өтті. Оқушылардың ұлттық киімдері барлықтары киген. Билерді нақышына келтіріп билеп шықты. Мерекелік концертке ауыл тұрғындары мен мектеп ұжымы, оқушылар толықтай қатысты. 1 Мамыр Қазақстан халықтарының Бірлік күніне орай іс-шаралар жақсы деңгейде өтті.

7 мамыр «Отан қорғаушылар» күніне орай «Біз Отанның ұланымыз» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Сонымен қатар 9 мамыр Жеңіс күніне байланысты салтанатты жиын өтті. Концерт барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетті..

25 мамыр күнінде «Сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиыны сағат 10:00-де басталды. Мерекелік іс-шара өтті. 9 класс оқушылары ән мен вальс тарту етті. Мектеп түлектері соңғы вальстарын мектеп ұстаздарымен билеп өтті. Мерекелік концерт жақсы деңгейде өтті.



1 маусым «Балаларды қорғау күніне» байланысты «Біз бақытты баламыз» тақырыбында мектеп ауласында мерекелік концерт өтті. Мектеп директоры Балмақанова Л.Б құттықтау сөз сөйледі. Концерт барысында бастауыш класс оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік концертте оқушылар арасында түрлі сайыстар өтті.



Жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша мектепте «Балдырған» атты ойын алаңы ұйымдастырылды. Жалпы мектептегі тәрбие жұмысының орындалуы «жақсы» деңгейде

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 2022 – 2023 оқу жылындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасының орындалуы туралы 1 тоқсан бойынша есебі.**

## **Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысына жүзеге асыру.**

Осы бөлімде орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Қыркүйектің бірінші күні білім беру ұйымдарында білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Салтанатты жиынға бірінші сынып оқушыларының ата-аналары, қонақтар іс-шараларға қатысты.



**2022 жылғы 1 қыркүйекте** Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «**Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық**» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылды.

- 1 сынып оқушылары үшін «Менің мектептегі алғашқы күнім»;
  - 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;
  - 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;
  - 9- сынып оқушылары үшін – «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;
- атты бейнебаяндар жарияланды.

**Әлеуметтік желіге жарияланған сілтеме:**

<https://www.instagram.com/tv/Ch9eiNpAtfm/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/Ch9eiNpAtfm/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

[https://instagram.com/tv/Ch9nts\\_DEQx/](https://instagram.com/tv/Ch9nts_DEQx/)

<https://www.instagram.com/tv/Ch9uQAVD-w3/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://instagram.com/tv/Ch9zSJ9jSmc/>

<https://instagram.com/tv/Ch90YcWjLgI/>

<https://instagram.com/tv/Ch90YcWjLgI/>

**2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынды, жоспарда 8 бағыт қамтылды.**

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;

Рухани-адамгершілік тәрбиесі;

Ұлттық тәрбие;

Отбасы тәрбиесі;  
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;  
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық- мәдениет тәрбиесі;  
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;  
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

### Қыркүйек айында:Өткізілген іс-шаралар:

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оның қолданылу аясын кеңейту және мәдениетін арттыру мақсатында Тіл мерекесіне орай Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Сартаев Ж . Сламова Қ. Ә «Тілім менің – ғасырдан аманат» атты шара өткізді. Шараға жоғары сынып оқушылары белсене қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша тәлімгер Қ.Ә.Сламова іс-шаралар өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шара жоспары құрылып бекітілді.

Жанкүшікова Ермек 1-сынып оқушыларына әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерінің оқыту барысында 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөліп, сабақты жүйелі өткізді. Қоңырау сәтін тиімді пайдаланып, білім алушылардың оқуға құштарлығын арттыру мақсатында жұмыстанды. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жоспарға сәйкес жүргізілген жұмыс барысында бір-біріне түсіндіріп, ортақ талқылау жүйелі өткізілді.

Қазан айында қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінің мұғалімі Тортаева Салтанат пәндерді оқыту барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге 4-сынып оқушыларына жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, балалар әдебиетін үлестірді.



1-сынып оқушыларының жоспарларындағы тақырыптарын  
Ермек Жанкүшікова қазақ тілі, қазақстан тарихы  
пән мұғалімі Муса Әлібек «1917ж.  
Ақпан-сәуір айындағы жоспарлы тақырыптағы сабағын  
Қорқыт ата мен А.Байтұрсынұлының ғұлама сөздерін кіріктіре өткізді.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде I тоқсанда «Біз бір-бірімізге оқимыз!» атты жоспарға сәйкес жұмысқа бастауыш сынып оқушылары белсене ат салысты. Білім алушылар арасындағы тығыз байланысты меңгеріп, кішіге ізет, үлкенге құрмет қасиеттерін бойларына сіңіріп, бір-бірімен пікір алмасты. Ілгерінді оқушылармен бірлесе атқарған жұмыс барысында бастауыш сынып оқушылары қызыға кітаптармен танысты.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы негізінде ұйымдастырылған республикалық балалар оқуларының аудандық кезеңінде 9 –сынып оқушысы Оразалы Жолдас белсенділігі үшін мадақтамамен марапатталды.

Балаларды табиғат әсемдігін көре білуге, оны аялауға, қорғауға тәрбиелеу, экологиялық білімділік, ойлау қабілетін сауатты сөйлеу дағдысын дамыту мақсатында: Бастауыш сынып оқушыларының арасында «Табиғат-адамзатқа аманат!» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағатында оқушылар табиғат туралы мақал –мәтел, жұмбақтар,өлең шумақтарын айтты.

«Үнем—қоғам қуаты» жобасының негізгі қағидасы – қоғамдағы әр деңгейлі ресурстарды орнымен тұтыну мақсатында 5-9 сынып жетекшілері «Үнемділік пен ысырапшылдық» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.Тәрбие сағатының мақсаты оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту.Ой-өрістерін, тілдік қорын дамыту.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Е.Бахитов оқушыларға « Дені сау ұлт- ел болашағы» тақырыбында әңгіме-сұқбат өткізді. «Денсаулық – зор байлық» деген сөздің астарында үлкен мағына жатқанын. Адам баласы үшін денсаулықтан асқан байлық жоқ екенін, ол ақшаға сатылмайтын ешбір бағалы затпен тең келмейтін

байлығымыз. Сондықтан «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздегеніміз» абзал. Еліміздің қай азаматы болса да елінің болашағы алаңдатары сөзсіз. Еліміздің болашағы-бүгінгі бүлдіршіндер сіздерсіздер. Сондықтан сіздердің болашақта дені сау азамат болып өсуілерің еліміз үшін маңызды. Отбасының қоғам алдындағы маңыздылығы мен рөлі тақырыбында Ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп психологы Оразбаева С.О ата –аналарға тренинг өткізді.

Отбасы мерекесне орай 5-6 сынып жетекшісі Тортаева А.М. "Отбасы-бақыт мекенім" атты дөңгелек үстел өткізді. Білім алушылар белсене араласып, өз пікірлері мен тың идеяларын ортаға салды



Сынып жетекшілер «Әдептілік –адамгершілік айнасы» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іқазан қарттар күнін атап өту мақсатында барлық сыныптарда «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде Ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта челленджі» арқылы барлық білім ордаларындағы ұстаздар қауымын құттықтады. Қазан айының бірінші жексенбісі еліміздің ұстаз алдын көрген үлкенді-кішілі азаматтары үшін ерекше күн. Бұл әліппені жаттатып, білім нәрін сіңірген, әлемге сауаттылық нұрын шашып келе жатқан ұстаздар мерекесі. Бұл күні әрқайсымыз өз мұғалімдерімізді, өнердегі, өмірдегі тәлімгерлерлерімізді құттықтап, оларға ылайықты көңіл бөлуге мүмкіндігіміз бар...Осы күнге орай «Ұстаз-үлгі, өнеге, ұлағатым» атты мерекелік кеш өткізілді. Мектеп басшысы төл мереке қарсаңында мектеп ұжымын құттықтады.. Бұл өткізілген шара арқылы оқушыларды ұстаз еңбегін құрметтеуге, үлгі тұтуға бағытталды. 5-9 сынып білім алушыларының қатысуымен шара жоғары деңгейде өтті. 5-сыныптың биші қыздарының орындауында «Шашу» биін биледі. 6 -7 сынып оқушылары



жүрек жарды өлең шумақтарын мәнеріне келтіріп оқыды. 8-9 сынып оқушылары пародиялық көріністен үзінділер қойып, мектеп ұжымының көңілінен шықты.



Ұстаздар күніне орай «Дубелер» күнін өткізу туралы бұйрық, бастамашыл топ құру жиналысы өтті. Дауыс беру арқылы мектеп директорының дублері лауазымына кандидатура ұсынылды. Дублер күніне іс-шаралар даярлау және әдістемелік әзірлемелердің болуын қадағалау барысында мұғалімдер оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Дублер күнінің штаттық кестесімен таныстырылым жүргізілді.

3 қазан күні ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» өткізілді. Бастамашыл топпен «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары бірлесе жұмыс жасап, жоғары деңгейде өткізді.



«Тар  
"Қаз  
Мақ  
1.Ах

барлық сыныптар .

мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйеге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

### 3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың буллингтің алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылыққа жол бермейік!» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, видеороликтер көрсетілді.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Алтын күз-2022» байқауы өткізі

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымы өткізген «Алаш қоғам қайраткері» атты челлендж 8-сынып оқушылары арасында қазақ әліпбиінің негізін салушы, ұлт ұстазы, тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Білім алушылар өздерінің жанына жақын жүрек жарды өлеңдерін оқып, бөлісті.

**Әлеуметтік желіге жарияланған сілтеме:**

<https://www.instagram.com/tv/CiHGyfoKd1/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

[https://www.instagram.com/tv/CiHHCdOo\\_UH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=](https://www.instagram.com/tv/CiHHCdOo_UH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=)



22 қыркүйек күні мектеп парламентінің іс-шаралары аяқталды. 8-сынып оқушылары өз бағдарламаларын ұсынды. Дауыс беруге 5-9 сынып оқушылары мен педагогтер қатысты. 14-педагог, 15-оқушы өз таңдауларын жасап, дауыс берді. Дауыс нәтижесінде дауыс нәтижесінде:

1. Темірбекұлы Темірлан 8 класс – 15 дауыс, 52%
2. Бөтеген Олжас 8 класс – 9 дауыс, 31%

3.Наурызбай Ұлықбек 8 класс – 3 дауыс, 7%

4.Сәндібек Бекарыс 8 класс – 2 дауыс, 7%

Сайлау қорытындысы бойынша мектеп парламентінің президенті Темірбекұлы Темірлан сайланды.



Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін туберкулез ауруының алдын-алу мақсатында 2-3 сынып жетекшісі Қуандықова М.А. «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында дәріс сабақ жүргізді. Дәріс сабақта аталмыш ауру туралы толық ақпарат беріліп, жұқтырмау жолдары кеңінен түсіндірілді 7-8 сынып жетекшісі Оразбаева С.О «Ауырмайтын жол ізде!» атты дөңгелек үстел өтті. Туберкулез ауруының шығу тегі, толық мәліметтер жинағы таныстырылды. Оқушылармен бірлесе отырып, талдау жұмыстары жүргізілді



маңызды тұстарын айшықтап көрсетті. 1-сынып оқушылары Мемлекеттік рәміздерге байланысты өлең шумақтарымен бөлісті



25-қазан Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акциясы өткізілді. 4-сынып білім алушылары белсене ат салысты.

**Мақсаты:** Туған жерді аялап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» атты акция, санбюллетень, түсіндіру жұмыстарын 5-6 сынып оқушылары жүргізді. Түсіндіру жұмыстарын барша ауыл тұрғындары, мектеп ұжымын, білім алушыларды толық қамтыды



25-қазан Республика күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында «Бірлігі жарасқан Қазақстан» тақырыбында жаппай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаты барысында барлық білім алушылар озық ойымен, тұғырлы сөздерімен дараланды. Сөзжұмбақ, тірексызба құруда белсене қатысып, тақырыпты ашуға өз ойларын ашық білдірді.



Балаларды жол-көлік оқиғаларынан жарақаттанудың алдын – алу мақсатында «**Назар аударыңыз бағдаршам!**» іс-шаралары ұйымдастырылды. Оқушыларды жол ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін сақтаудың адамдар өміріндегі маңыздылығын ұғындыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту іс-шара барысында оқушыларға жолда жүру ережесін қатаң сақтау, оны бұзбау, бағдаршамға қарау, көлік алдынан жүріп өтпеу сияқты қағидаларды сақтау ескертілді.



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде күзгі демалыс уақытында өткізілетін іс-шаралар жоспарланып, жоспар бойынша оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар өткізілді

### **3.4 Мектеп психологі мен әлеуметтік педагог жұмысы.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 3-қосымша басшылыққа алынып, мектепшілік бұйрық шығарылып, жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді.

Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жұмыс жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде. **2018-2019** оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспарын жасауда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Неке және отбасы» туралы, «Бала құқығы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы » Қазақстан Республикасының заңдары, «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2011 жылдың 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы, Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.07.2015 жылғы №257 қаулысымен бекітілген. «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» басшылыққа алынады.

Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде.


**Психологиялық қызметтің мақсаты:** Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеті:** Оқушының жан - дүниесін түсіну, көмек көрсету

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Мектеп жасындағы балалардың оқуға дайындығын тексеру» (К.Иерасик) әдістемесінің қорытындысы бойынша мектепке дайындығы жоғары деңгейде 6 бала анықталды, 1 оқушының мектепке дайындығы орташа деңгейде болды, мектепке дайындығы төмен ақыл-ойы мен психикалық дамуын қосымша тексеруге мұқтаж бала жоқ. 5-6 сыныптың 6 оқушысымен жүргізілген «Сынып ұжымының өзара қарым-қатынасын анықтау» сауалнамасының қорытындысы бойынша топта оқшау жүрген оқушы анықталмады, топ лидері анықталды, 7-сыныптың 4 оқушысымен «Сынып ұжымының өзара қарым-қатынасын анықтау» сауалнамасының қорытындысы бойынша топта оқшау жүрген оқушы анықталмады, топ лидері анықталды. 9 сыныптың 5 оқушысымен «Сынып ұжымының өзара қарым-қатынасын анықтау» сауалнамасының қорытындысы бойынша топта оқшау жүрген оқушы анықталмады, топ лидері анықталды. Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» 5 сыныпқа жүргізілді. Қорытындысында жоғарғы деңгейде -2 оқушы, орта деңгейде 1 оқушы анықталды. Төмен деңгейдегі оқушы жоқ.

*«Өз балаңа үлгі бол» тақырыбымен Республикалық ата-аналар конференциясы 1-9 сынып ата-аналарына жүргізілді.* Конференцияны өткізудегі мақсат Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым-қатынасты жақсарту, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу болды. Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша жұмыстану жүргізілді. 1 класс ата-аналарына кеңестер жүргізілді.

Танымдық қабілеттерін анықтау бойынша 1-4 сыныптарға есін, ойлауын, зейінін анықтау мақсатында әдістемелер жүргізілді. Қорытындысы бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында таным процесі төмен оқушы жоқ. А.Беловтың «Темперамент формуласы» тесті 5-9 сынып оқушыларына жүргізілді.



Интеллект қабілеттерін анықтау мақсатымен 5-9 сынып оқушыларына яғни 15 оқушыға «Айзенк» тесті жүргізілді. Қорытындысында интеллектуалдық, шығармашылық, спорттық, көркемдік дарындылықтың түрі анықталды.

1 класс оқушыларына «Пресс конференция», «Рөлдік гимнастика» ойындары ойнатылды. «Көңіл-күй терапиясы» тақырыбында ұстаздарға арналған тренинг жүргізілді. Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйін көтеру. Ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және күз мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру болды.

Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша мектеп қызметкерлері оқытылып, ата-аналарға жиналыс өткізілді.



Қараша айында 9 класқа Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі жүргізілді.Қорытындысында жеке тұлғаның кәсіптік бағыттылығы Адам-техника,адам-адам саласы бойынша таңдау жүргізілді.

Мұғалімдермен «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында тренинг жүргізіліп, «Сенімділік-күш береді» мектепішілік олимпиада қатысушыларына арналған тренинг өтті.7-9 класс оқушыларына «Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кеңес берілді. Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша 8-9 кл оқушыларынан сауалнама алынып қорытындысында суицидке бейім оқушы анықталған жоқ.



Желтоқсан айында А.А.Зактың «Аннаграммалар» әдістемесі 3-4 класс оқушыларына жүргізілді.Оқушылардың ойлау процестерінің даму деңгейі анықталды.9 кл оқушыларына «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау» тренингі жүргізілді.8-9 кл оқушыларына «Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы» тренинг сабағы -Салауатты өмір салтын сақтау.Есірткі, ішімдік және темекенің ағзаға тигізер әсері, келешек өмірлеріне оның зардаптарын, адам ағзасына теріс әсерін түсіндіру мақсатында жүргізілді,видеороликтер көрсетілді. Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын-алу» бағдарламасы бойынша оқушыларға дәрістер жүргізілді.Оқушылардың,ата-аналардың,класс жетекшілердің сұраныстары бойынша кеңестер жүргізілді.

Қаңтар айында 7-9 кл оқушыларына «Стреске төзімділікті анықтау» тесті алынды.Қорытындысында стреске жиі ұшырайтын оқушы анықталмады.

Филипс тесті «Оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау» мақсатында 5 класқа жүргізілді,қорытындысы бойынша барлық оқушы қалыпты деңгейде.

Оқушылардың түзете-дамыту бағытында Танымдық қабілетін дамытуға арналған ойындар жүргізілді. Мұғалімдерге арналған «Мұғалім бейнесі» тренингі жүргізілді. Ағартушылық бағытында «Мен+сен+біз» тренингі жүргізілді. Кәсіптік бағдар бойынша мектеп бітіруші түлектерге кеңестер жүргізілді. Келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында «Өмірдің құндылығы мен мәні» тренингі жүргізілді.

Даярлық тобының 1 класқа дайындығын анықтау мақсатында Элкониннің графикалық диктаны алынды, тапсырманы орындай алмай қалған оқушы болған жоқ. Мектеп бітіруші оқушыларға «Менің мамандығым-менің болашағым» тренингі мамандыққа бағыт бағдар беруге арналып жүргізілді. «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына ақпараттандыру мақсатымен дәріс-семинар жүргізілді. «Қыз бала психологиясы» тақырыбында ата-аналарға кеңес берілді.

Наурыз айында тұлға типтерін анықтау мақсатында 9 кл оқушыларына «Голланд тесті» жүргізілді. Қорытындысында оқушылар Әлеуметтік тип пен Тапқыр типке жатқызылды. 5-6 кл оқушыларын қарым-қатынасты нығайту мақсатымен «Мен және менің достарым» тренингі жүргізілді. 8-9 кл оқушыларына «Сәтті қарым-қатынас үшін қандай қасиет керек?» тренингі жүргізілді.




Сәуір айында бастауыш сынып оқушыларының біліктілік деңгейін бағалау үшін 4-сыныптың 4 оқушысынан тест алынды. Бастауыш сынып оқушылары арасында 2 оқушы біліктіліктің жоғарғы деңгейін, 2 оқушы орта деңгейін көрсетті. Төмен деңгейдегі оқушы жоқ. МАД білім алушыларының 1 класқа дайындығы, танымдық қабілеті анықталды. МАД тобында таным процесі төмен оқушы жоқ.

**2019-2020** оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспарын жасауда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Неке және отбасы» туралы, «Бала құқығы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы » Қазақстан Республикасының заңдары, «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2011 жылдың 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы, Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.07.2015 жылғы №257 қаулысымен бекітілген. «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» басшылыққа алынады.


Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде.

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеті:** Оқушының жан - дүниесін түсіну, көмек көрсету Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Мектеп жасындағы балалардың оқуға дайындығын тексеру»(К.Иерасик) әдістемесінің қорытындысы бойынша мектепке дайындығы жоғары деңгейде.




5 сыныптың 4 оқушысымен жүргізілген «Мектепке қарым-қатынасым» сауалнамасының қорытындысы бойынша жоғарғы деңгейде -2 оқушы ,орта деңгейде 2 оқушы анықталды.Төмен деңгейдегі оқушы жоқ.



Танымдық қабілеттерін анықтау бойынша 1-8 сыныптарға есін,ойлауын,зейінін анықтау мақсатында әдістемелер жүргізілді.Қорытындысы бойынша 5 класс оқушыларының мектепке бейімделуіне, оқу мотивациясына, класқа қарым-қатынасына, мінез-құлық акцентуациясына, танымдық процестерін зерделеуге бағытталған .

«Мектепке дайындық деңгейін анықтау» «Социометрия», «Лусканова» әдістемесі әдістемелері жүргізіліп,нәтижесінде бейімделмеген оқушылар болған жоқ.

«Темперамент типін анықтау» мақсатында 5-8 сынып оқушыларынан А.Белов тесті алынды.Қорытындысында Холерик-16,Сангвиник-50,Флегматик-33 анықталды.



Қараша-желтоқсан айларында А.А.Зак «Анаграммалар» әдістемесі 3-4 класқа, «Басса – Дарки сауалнамасы» 6-7 кл жүргізілді. Диагностика қорытындасы қалыпты деңгейде. Жеке тұлғалық өсу тренингтері 5-кл оқушыларына «Мен және менің қоршаған ортам», «Сенімділік күш береді», «Сенімділік серігім» олимпиада қатысушыларына арналған тренинг, «5 класс дегеніміз не?» тренинг жаттығулары, 5-6 кл оқушыларына «Достықты қадірлейік», «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмір кілті», «Жетіктік шыңы» тақырыбында тренингтер өтті.

Қаңтар-ақпан-наурыз айларында Филипс тесті «Оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау» 5 класқа жүргізілді, қорытындасы қалыпты. Даярлық тобының 1 класқа дайындығын анықтау мақсатында Элкониннің графикалық диктаны алынды, тапсырманы орындай алмай қалған оқушы болған жоқ. Отбасындағы оқушының орнын анықтау «Гүл бейнесіндегі отбасы» әдістемесі алынды, қорытындысында отбасында оқушылар өзін көрсете отырып түсіндіріп айта білді. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру, суицидтің алдын алу» жобасы бойынша ата-аналармен жиналыс өткізіліп тест алуға келісім шарты толтырылды. Осы жоба бойынша мектеп қызметкерлері оқытылып, қараша айында оқушылардан сауалнама алынды. Нәтижесінде сауалнама бойынша нормадан жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы болған жоқ.

Сәуір-мамыр айларында бастауыш сынып оқушыларының біліктілік деңгейін бағалау үшін 4-сыныптың 2 оқушысынан тест алынды. Бастауыш сынып оқушылары арасында 2 оқушы біліктіліктің жоғарғы деңгейін

көрсетті. МАД білім алушыларының 1 класқа дайындығы, танымдық қабілеті анықталды. МАД тобында таным процесі төмен оқушы жоқ.

Жоспар бойынша жұмыстар уақытында жүргізіліп, диагностика нәтижелері талданып отырды. Жыл бойы жоспардағы жұмыстар жүргізілді.

**2020-2021** оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспарын жасауда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Неке және отбасы» туралы, «Бала құқығы туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, 2011 жылдың 20 желтоқсандағы №528 бұйрығымен Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы, Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.07.2015 жылғы №257 қаулысымен бекітілген. «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» басшылыққа алынады.


Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде.

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеті:** Оқушының жан - дүниесін түсіну, көмек көрсету Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларымен жүргізілген «Мектеп жасындағы балалардың оқуға дайындығын тексеру» (К.Иерасик) әдістемесінің сыныптағы 5 оқушыға жүргізілді. Нәтижесінде балалардың барлығы мектепке оқуға қабілетті екені анықталды.


Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» 5 сыныпқа жүргізілді. Қорытындысында сыныптағы 2 оқушы да жоғарғы деңгейде екені анықталды. Мектепке қатынасы оң, берілген тапсырманы адекватты

қабылдайды, оқу материалын оңай меңгереді, мәліметтерді толық игереді, мұғалімнің айтқанын мұқият тыңдайды, тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды, тапсырмаларды мұқият орындайды, сыныпта жоғары мәртебеге ие оқушылар.




«Сенім-менің серігім» тренингі оқушылардың бойындағы сенімділік қасиетін арттыру, «өзіндік мен» қасиеттерін дамыту мақсатында жүргізілді.

Қазан айында Танымдық қабілеттерін анықтау бойынша 1-4 сыныптарға есін, ойлауын, зейінін анықтау мақсатында әдістемелер жүргізілді. Қорытындысы бойынша 1-9 сыныпта таным процесі төмен деңгейдегі оқушы жоқ, төменнен жоғары деңгейдегі оқушылармен дамыту жұмыстары жыл бойы жүргізілді. А. Беловтың «Темперамент формуласы» тесті 5-9 сынып оқушыларына жүргізілді.



1 класс оқушыларына «Танысу шеңбері», «Поровоз», «Мен білемін» ойындары ойнатылды. «Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында ата-аналарға баяндама оқылды.


Қараша айында 9 класқа Е.А.Климовтың «Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» әдістемесі жеке тұлғаның кәсіптік-бағдарлық бағыттылығын анықтау үшін жүргізілді. Қорытындысында тұлғаның бағыттылығы Адам-техника саласы 1 оқушы, адам-адам саласы 2 оқушымен анықталды.



«Сенімділік-күш береді» тренингі өтті. 5-7 класс оқушыларына «АРТ терапия. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту» тақырыбында шығармашылық жұмыстар жүргізілді. 7-9 кл оқушыларына «Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кеңес берілді.

Желтоқсан айында 6 кл оқушыларына «Басса-Дарки сауалнамасы» агрессияны анықтау үшін жүргізілді. Әдістеменің қорытындычы бойынша агрессиясы басым оқушы анықталмады. А.А.Зактың «Аннаграммалар» әдістемесі 3-4 класс оқушыларына жүргізілді. Оқушылардың ойлау процестерінің даму деңгейі анықталды.






8-9 кл оқушыларына «Спилберг сауалнамасы» тұлғаның стреске жеке сезгіштігі ретінде алаңдау деңгейін анықтауға және тұлғаның көп жағдайда қорқу, қауіптену жағдайын анықтауға жүргізілді. Сауалнамаға 6 оқушы қатысты. Төмен, орташа деңгейді көрсеткен оқушылар тұлғалық мазасыздықтың қалыпты көрсеткіші екені анықталды.

9 кл оқушыларына аутотренинг «Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау» жүргізілді. 8-9 кл оқушыларына «Зиянды әдеттерден сақтан» тренинг сабағында түсіндіру жұмыстарымен қатар видеороликтер мен презентация көрсетілді. 9 кл оқушыларына «Өз жолыңды дұрыс таңда» тренингі өткізілді. Мамандық таңдауға бағыт, бағдар беру мақсатында жүргізілді.

Қаңтар айында Филипс тесті «Оқушылардың мектепте мазасыздануын анықтау» мақсатында 5 класқа жүргізілді, қорытындысы бойынша барлық оқушы қалыпты деңгейде. «Оқушылардың тіл табыса алумен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін дамыту жаттығулары» 1-4 кл оқушыларына тренинг ұйымдастырылды. Мұғалімдерге арналған «Әріптестік қарым-қатынас» тренингі жүргізілді. Ата-аналарға «Баланы интернет тәуелділігінен қалай қорғауға болады?» тақырыбымен кеңес берілді, Кәсіптік бағдар бойынша мектеп бітіруші түлектерге кеңестер жүргізілді.

Даярлық тобының 1 класқа дайындығын анықтау мақсатында Элкониннің графикалық диктанты алынды, тапсырманы орындай алмай қалған оқушы болған жоқ. «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына ақпараттандыру мақсатымен дәріс-семинар жүргізілді. Наурыз айында тұлға типтерін анықтау мақсатында 9 кл оқушыларына «Голланд тесті» жүргізілді. Қорытындысында оқушылар Әлеуметтік тип пен конвенциональды типке жатқызылды. 5-6 кл оқушыларын қарым-қатынасты нығайту мақсатымен «Мен және менің достарым» тренингі жүргізілді.

Сәуір айында бастауыш сынып оқушыларының біліктілік деңгейін бағалау үшін 4-сыныптың 3 оқушысынан тест алынды. Бастауыш сынып оқушылары арасында 2 оқушы біліктіліктің жоғарғы деңгейін, 1 оқушы орта деңгейін көрсетті. Төмен деңгейдегі оқушы жоқ.



МАД білім алушыларының 1 класқа дайындығы, танымдық қабілеті анықталды. МАД тобында таным процесі төмен оқушы жоқ, барлық оқушы мектепте оқуға қабілетті.


Жыл бойы психологиялық диагностика, түзете-дамыту тренингтері, ағартушылық бағыттағы жұмыстар уақытында жүргізіліп отырды.

### **2021-2022 оқу жылы**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 3-қосымша басшылыққа алынып, мектепшілік бұйрық шығарылып, жұмыс жоспары жасақталып, бекітілді.

Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып, жұмыстар жүргізілуде.

Бірінші сынып оқушыларының мектепке оқуға психологиялық даярлығы мен бейімділігін анықтау үшін Керн-Иерасик тесті алынды. Оқушылар ер адамның бейнесін, сөздер көшірмелері және нүктелер көшірмесін салды. Нәтижесінде: бейімделуде қиындығы бар оқушы анықталмады. Қабылданған 5 оқушының мектепке бейім екені анықталды.



Қазан айында диагностикалық бағытта-5 сыныптан мектептік мотивация әдістемесі Н.Г.Лусканова жүргізілді.Қорытындысында 3 оқушы орта деңгейде екені анықталды.Мектепке қатынасы оң,берілген тапсырманы адекватты қабылдайды,оқу материалын оңай меңгереді,мәліметтерді толық игереді,мұғалімнің айтқанын мұқият орындайды,тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз ақ орындайды. «Ағаш үстіндегі адам» проективті әдістемесі 5 сыныпқа жүргізілді.Қорытындысында балалар достық қарым-қатынаста қалыпты,достық қолдауды бере білетін,өмірге қалыпты бейімделе алатыны анықталды.

6-9 сынып оқушыларынан Дасс сауалнамасы алынды.Сауалнаманың жүргізілу мақсаты депрессиялық,мазасыздық,күйзеліс жағдайларды анықтау болды.Талдау нәтижесінде мазасыз оқушылар анықталмады.5-9 сынып оқушыларына «Калейдоскоп» ойыны жүргізілді. Профилактикалық бағытта-«Мереке»психологиялық акция ойыны ұйымдастырылды 7-9 сыныпта аралығында.

Қараша айында диагностика бағытында 6 кластан «Темпераментін зерттеу»

Айзенк тесті алынды.Сыныптағы 1 оқушы холерик,1 оқушы сангвиник типіне жатқызылды.Зунге шкаласы әдістемесі 6-9 сыныптар аралығыда жүргізілді.Әдістеме мақсаты депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды анықтау.Қорытындысында оқушылардың сауалнама көрсеткіштерідепрессиясыз деңгеймен анықталды.

Мектептік ақыл-ой деңгейін анықтау тесті (ШТУР) тесті 8 сыныптан алынды.Субтестті оқушылар уақыт шегімен орындай білді.Өздерінің интеллект деңгейлерін көрсетті.

#### СУБТЕСТ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Субтест	1	2	3	4	5	6	Всего
	Хабардар болу		Аналогии	Топтастыру.	Жалпылау	Сандық қатарлар	
Максимум	20	20	25	20	19	15	119
Оразалы	<b>10</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>15</b>	<b>17</b>	<b>12</b>	<b>85</b>
Жолдас	50%	75%	64%	75%	89%	80%	71%


Субтест	1	2	3	4	5	6	Всего
	Хабардар болу		Аналогии	Топтастыру.	Жалпылау	Сандық қатарлар	
Максимум	20	20	25	20	19	15	119
Сәндібек	<b>10</b>	<b>13</b>	<b>18</b>	<b>15</b>	<b>17</b>	<b>10</b>	<b>83</b>
Диана	50%	65%	72%	75%	89%	67%	70%

Сыныптағы 2 оқушыда деңгейі жағынан бір-біріне қарайлас екені анықталды. Интеллектісі төмен оқушы анықталмады.

Кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысы бойынша 9 сынып оқушыларына «Дифференциалды диагностикалық сауалнама» әдістемесі (Е.Климов) жүргізілді.Зерттеліну мақсаты мамандыққа бағытталған бейімділіктерін диагностикалау арқылы анықтау, бағыт беру болды.Нәтижесінде сыныптағы 3 оқушының бағыты үш түрлі болды.

Бастауыш сынып оқушыларына қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған Т.В.Артемяева жаттығулары жүргізілді.9 сынып оқушыларына «Емтихан» іскерлік ойыны өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу,зияткерлік даму деңгейін анықтау үшін «Э. Ф. Замбацявичене» әдістемесі алынды.



Оқушылар берілген нұсқау бойынша тапсырманы орындады.Нәтижесінде жоғары деңгейде-57%,орта-43% көрсеткіш көрсетті.

Мектептегі жас мамандарға көмек көрсетіліп,ұжымда психологиялық ахуалды қалыптастыруға тренингтер жүргізілді.Ұстаздарға «Өзара түсіністік өнері» тақырыбында тренинг жүргізілді.5-9 сынып қыз балаларына «Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу» тақырыбында медбикемен кездесу өткізілді.Мамандықты таңдауға байланысты «М амандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті», «Мамандық таңдау-ертенді» ойлау тренингтері өткізілді.

Мамыр айында түзету-дамыту бағытында 5-8 сынып оқушыларымен табиғатқа саяхат «Пикник» психологиялық акциясы ұйымдастырылды.Профилактикалық бағытта 2-4 сынып ата-аналарына жазғы демалыс алдында «Отбасындағы психологиялық денсаулық,баланың үйлесімді дамуының негізі» тақырыбында ата-аналарға дәріс берілді.


Психологиялық бағыттар бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілді. *(Психолог жоспарынан көшірме бөлек жалғанды.№15Психолог жоспары папкасында)*

### **2022-2023 оқу жылы**


Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрі 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына 3-қосымша,Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 3-қосымша басшылыққа алынып,мектепшілік бұйрық шығарылып,жұмыс жоспары жасақталып,бекітілді.

Мектептегі психологиялық қызмет психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық,ағартушылық-профилактикалық және түзету-дамытушылық бағытта жүзеге асырылады. Мектеп психологының осы бағытта жылдық жоспары жасақталып,жұмыстар жүргізілуде.

Бірінші сынып оқушыларының мектепке оқуға психологиялық даярлығы мен бейімділігін анықтау үшін Керн-Иерасик тесті алынды.Оқушылар ер адамның бейнесін,сөздер көшірмелері және нүктелер көшірмесін салды.Нәтижесінде: бейімделуде қиындығы бар оқушы анықталмады.Қабылданған екі оқушының мектепке бейім екені анықталды.



Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнасы» 5 сыныпқа жүргізілді.



**Жоғары деңгей-3** оқушы- 42 % мектепке қатынасы оң, берілген тапсырманы адекватты қабылдайды, оқу материалдарын оңай меңгереді, мәліметтерді толық игерген, мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдайды, тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды, өзіндік жұмысқа барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды, тапсырмаларды мұқият орындайды, сыныпта жоғары мәртебеге ие.



**Ортаңғы деңгей-** 4 оқушы 56 % мектепке қатынасы оң, оқу материалдарын түсінеді, бағдарламаның негізгілерін меңгереді, тапсырмаларды өз бетінше орындайды, тапсырмаларды орындауда қадағалауды қажет етеді, коррекциялық сабаққа қызығушылықпен қатысады, сыныптағы оқушылармен достық қарым-қатынаста.

Бұл тест бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі оқушылардың оқу мотивациясы үш деңгейде қарастырылғанымен екі деңгейі көрініс тапқанын көрсетті. Жалпы қорытынды жоғарғы деңгейде -3 оқушы, ортаңғы деңгейде 4 оқушы екені анықталды. Төмен деңгейдегі оқушы жоқ.

Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау мақсатында «Басса-Дарки» сауалнамасы 6-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Қорытындысында агрессиядағы оқушы анықталмады. Депрессиялық, мазасыздық, күйзеліс жағдайларды анықтау үшін «Дасс сауалнамасы» 8-9 сыныпқа жүргізіліп, нәтижесінде депрессиядағы, мазасыз деңгейдегі оқушы анықталмады.

Депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды анықтау үшін Зунге сауалнамасы 6-7 сыныпқа жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде депрессиядағы оқушы анықталмады.

«Із кесуші» психологиялық акциясы 5 сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Мақсаты балаларды ұжыммен қарым-қатынас жасауға үйрете отырып, эмоциялық көңіл-күйін көтеру, ұжым ішіндегі ұйымшылдықты қалыптастыру болды. Балалар тренингке белсене қатысты.



«Калейдоскоп» психологиялық ойыны 5-9 сынып оқушыларына жүргізілді. Мұнда әр сынып оқушылары бірігіп калейдоскоп құра білді, ұйымшылдықпен, жауапкершілікпен орындап шықты.



### Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің әлеуметтік паспорты 2022-2023

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	35	100%
	Отбасы түрі бойынша:	1	
1.	Толық отбасылар	17	100%
2.	Толық емес отбасылар	0	
3.	Анасы жоқ балалар	0	
4.	Әкесі жоқ балалар	0	
5.	Көп балалы отбасы	0	
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	0	
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	

9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	
	Ата-аналарының білімі: әке-ана	34	100%
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	4	6%
2.	Техникалық және кәсіптік		
3.	Орта арнаулы	9	11%
4.	Орта	21	83%

### **Қортынды:**

Мамыт негізгі орта білім беру мектебінің 2022-2023 оқу жылы басында 1-9 сынып білім алушыларының әлеуметтік санатын зерттеу қортындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспортын әзірлеу кезінде мәселелері қиын және ата-аналары толық емес отбасылары, көп балалы және аз қамтылған отбасыларының, қамқорлыққа алынған үйде оқытылатын балалардың тізімдері анықталмады. Сол себепті әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар болмағандықтан қаржылай және материалдық көмек көрсетілген жоқ.

### **3.5 Кітапхана жұмысы**

Мектеп кітапханасы мектеп ғимаратының кіреберісінде орналасқан. Кітапхана көлемі 5кв.м. Мектеп кітапханашысы Сламова.Қ Ә 0,5ст ставкалық жүктемемен жұмыс жасайды.

Аты-жөні	Лауазымы	Туған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі	Диплом бойынша мамандығ	Оқыған оқу орны	Біліктілік арттыру курсы қай	Жалпы еңбек өтілі	Кітапхана саласы бойынша
----------	----------	-----------------------	------	--------	-------------------------	-----------------	------------------------------	-------------------	--------------------------

					ы		жылы өтті		еңбек өтілі
Сламова.Қ	кітапханашы	06.06.2000	қазақ	жоғары	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қ.Жұбанов ат Университет		2	2

**2022 -2023** оқу жылында: АББ-нен барлық сынып оқулықтармен қамтылды.

1 сынып оқушылары 2021 жылы оқулықтарымен оқып жатыр.

2 сынып оқушылары 2022 жылғы жаңа бағдарлама оқулықтармен оқыды.

3 сынып – 2018 жылы жаңа бағдарлама оқулықтарымен оқып жатыр

4 сынып –2019 жылы жаңа бағдарлама оқулықтарымен оқып жатыр.

5 сынып - 2017 жылы жаңа бағдарлама оқулықтары.

6 сынып –2018 жылы жаңа бағдарлама оқулықтарымен оқып жатыр.

7 сынып 2017 ж.оқулықтарымен оқып жатыр.

8 сынып –2018 жылы жаңа бағдарлама оқулықтарымен оқып жатыр,

9 сынып –2019 жылы жаңа бағдарлама оқулықтарымен оқып жатыр..

Кітапхананың көрсеткіші 2022 – 2023 оқу жылында:

Кітапханада кітап қоры - 2685

Жаңа буын оқулықтары – 317

Көркем әдебиет саны – 44

Электрондық оқулықтар – 33

Оқырмандар саны – 45

Оқушылар 100% оқулықтармен қамтылды.

**Мамыт негізгі орта білім беретін мектебі бойынша**

## І-тоқсан бойынша есеп

Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымы өткізген «Алаш қоғам қайраткері» атты челлендж 8-сынып оқушылары арасында қазақ әліпбиінің негізін салушы, ұлт ұстазы, тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды. Білім алушылар өздерінің жанына жақын жүрек жарды өлеңдерін оқып, бөлісті.

*Әлеуметтік желіге жарияланған сілтеме:*

<https://www.instagram.com/tv/CiHGayfoKd1/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

[https://www.instagram.com/tv/CiHHCdOo\\_UH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=](https://www.instagram.com/tv/CiHHCdOo_UH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=)

=

17-қазан күні сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды.



Соның ішінде, физика пәнінен 7 сыныпта «Өртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері» тақырыбында Шаймолдина Гүлжайнар Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қандай ғылым болса да, ол-адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды» нақыл сөзін тиімді пайдаланды.



8 сыныпта қазақ тілі пәнінің «Құндылықтар жіктемесі» тақырыбын

Тұрмағамбет ақынның:

Ұлт тірегі-білімді ұрпақ қолында,

Ізденіңдер білім алу жолында.

Еліңді сүй, жеріңді сүй құрметте,

Жас қырандар алау оттай жалында



8 сыныпта қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі Муса Әлібек «1917ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері» жоспарлы тақырыптағы сабағын Қорқыт ата мен А.Байтұрсынұлының ғұлама сөздерін кіріктіре өткізді.

Өткен күн, кеш- тарих,  
Келер күн, ертең – сыр  
Ал бүгінгі күн - сый

Қорқыт ата

8 сыныпта орыс тілі пәнінен «Спортивный Казахстан» тақырыбында Бұхарбаева Жанаркүл Сәбит Мұқановтың өз арттыран қалдырған ұлы сөздері арқылы сабақты жүйелі өрбітті.



Тілдің тіршіліктегі мәніне қазақ ежелден көңіл бөлген. Сондықтан да «өнер алды - қызыл тіл» дейді.

Қазан айында қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндерінің мұғалімі Тортаева Салтанат пәндерді оқыту барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді. 4-сынып оқушыларына жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, балалар әдебиетін үлестірді. Белгілі уақыттан кейін кітаптан түсінгендері бойынша дәптерге жазған ой-толғауларын қарап және оқушылардың ауызша мазмұнын айту



Қазан айында Жанкүшікова Ермек 1-сынып оқушыларына әдебиеттік оқу, қазақ тілі пәндерінің оқыту барысында 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөліп, сабақты жүйелі өткізді. Қоңырау сәтін тиімді пайдаланып, білім алушылардың оқуға құштарлығын арттыру мақсатында жұмыстанды. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жоспарға сәйкес жүргізілген жұмыс барысында бір-біріне түсіндіріп, ортақ талқылау жүйелі өткізілді.

#### **4. МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестігін талдаудың бағалау өлшемшарттары**

**4.1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттары негізінде қорытындылау.**

**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:**

**1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.**

Мектептің әр оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыс жоспарлары бар.

Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып бекітілді. Жылдық жұмыс жоспарлар бірнеше тараудан тұрады.

Жұмыс жоспарының тараулары жылдық жұмыс жоспарын талдау қорытындыдан басталады, содан кейін мақсат, міндеттер қойылады, мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту тарауы,

ұйымдастыру педагогикалық шаралар, кадрлармен жұмыс, әдістемелік жұмыс, мектепшілік бақылау, тәрбие жұмысы, ата-ана мен жұртшылықпен байланысы, мектептің экономикасын дамыту және материалдық базасын нығайту жұмыстары нақты жоспарланды.

### **2018-2019 оқу жылында**

#### **Мектептің түйінді мәселесі:**

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыра отырып оқу – тәрбие үрдісіне жаңаша білім технологиялары арқылы заман талабына сай жүйелі білім беру.

**Мақсаты:** -Жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқыту үрдісі мен басқарудағы жаңашыл әдіс-тәсілдің тиімділігін анықтау.Оқушының ізденушілік қабілеттерін дамыту.

- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу

**Міндеттері:** - Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын жүзеге асыру.

- Қазақстан Республикасының стандартына сәйкес білім беру

-Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;

- Білім беру жағдайында педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға жаңаша көзқарас қалыптастыру

Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.

-Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;

-Жаңашылдық тәжірибелерді зерттеуге, таратуға және оқу тәрбие үрдісіне енгізуге жағдай жасау;

-Барлық оқу пәндерінен оқушылардың үлгірім көрсеткіштерін көтеру, оқушылардың білім сапасын арттыру.

-Сынып жетекшілерінің жеке оқушылармен, тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;

-Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық шаралар жұмысын жандандыру;

-Ата – аналар, ауыл жұртшылығымен ынтымақтастықты нығайту;



- Жас ұрпақ тәрбиесінде мектеп пен ата-ана арасында берік одақ қалыптастыру, оқу тәрбие процесінде ата-ана жауапкершілігін арттыру
- Балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы жұмысты жетілдіру
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.
- Оқытудың қазіргі таңдағы ең тиімді және қажетті құрал-жабдықтарын пайдалануға мүмкіндік туғызу.

**2018-2019** оқу жылында жүргізілген жұмыс барысы алға қойған мақсатқа бағытталды.

2018-2019 жаңа оқу жылына 8 класс, 6 комплекті жинақталып, барлығы 31 оқушы оқуға тартылды. Оқитын бала болмауына байланысты 8 класс жасақталмады. 9 сыныпты аяқтаған 5 оқушы қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын алды. Түлектердің төртеуі колледжіге түсіп, біреуі орта мектепке орналасқан.

### 2018-2019 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Оқыту кезеңдері	2018-2019 оқу жылы		
	Саны		Класс-комплект саны
	оқушы	сынып	
Бастауыш мектеп	16	1,2,3,4	4/3
Негізгі мектеп	15	5,6,7,9	4/3
<b>Мектеп бойынша барлығы</b>	<b>31</b>	<b>8</b>	<b>8/6</b>

### 2018-2019 оқу жылы бойынша білім сапасы

Сатылар	<b>2018– 2019 оқу жылы</b>	
	<b>Оқушы саны</b>	<b>%</b>
<b>1-4 сыныптар</b>	16	<b>45</b>
<b>5-9 сыныптар</b>	15	<b>23</b>
<b>Барлығы</b>	31	<b>68</b>

**2018-2019 оқу жылы бойынша қорытынды аттестаттауды талдау**

<b>Оқу жылдары</b>	<b>Түлектер</b>	<b>Білім сапасы, %</b>
2018-2019	5	80

Осы оқу жылында мектепке 1 жас маман келді. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі мамандығы бойынша Рахметуллина Гүлайым Рахметуллақызы «010100- арнаулы орта білімді» Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу дәрежесі берілген. Жас маманның педагогикалық шеберлігі мен зерттеушілік машықтарын дамыту мақсатында тәжірибелі бастауыш сыныптың мұғалімінен тәлімгер тағайындалды. Жоспар бойынша тәлімгер өз жоспарын құрып, тәлім алушыға әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен оқу бағдарламаларымен таныстырып, перспективалық жоспарын құруды үйретті. циклограмма жоспарларының құрылымын әзірлеуге көмектесіп, бағыт-бағдар берілген. Сонымен бірге журнал толтыру талаптарымен таныстырып, баланың жеке даму картасын, ісқағаздарын жүргізу туралы нұсқау беріп, ата-аналар жұмысының жоспарын құруға бағыт-бағдар берді. Жыл бойы 10 мұғалім жұмыстанған.

Пән мұғалімдері аудан, облыс бойынша іс-тәжірибе тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электронды орталар құрастырды. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында сабақтарда сыни тұрғысынан ойлау технологияларын кеңінен пайдаланады. Сапалы білім беруді мақсат еткен пән мұғалімдері арнайы білім жетілдіру курстарынан және қайта даярлау курстарынан уақытылы өтіп, сертификатталған. Мектеп бойынша 1,2,3,5,6,7

сыныптар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алса, 4,9 сыныптар 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламаларымен білім алған.

«Дамыта оқыту технологиясы» тақырыбында пән мұғалімдеріне мектеп тренерлері С.О.Тортаева мен Ж.М.Бұхарбаева семинар-тренинг өткізді. «Жаңартылған білім берудің ерекшелігі мен тиімділігі», «Оқу мақсаты, ойлау дағдыларының деңгейі, бағалау критерийлері, дескрипторлар құрастыру» тақырыбында пікірталас болды. «Электронды портфолио жасау» т.б жұмыстар жыл бойы жүргізілді.

Сонымен қатар оқушылар түрлі интернет олимпиадалар мен интеллектуалды сайыстарға қатыстырылды. Халықаралық «Пони» байқауынан сертификатты Амантаева Кәусар, Бөтеген Алтыншаш, Өтегенов Әбілмансұр, Өтешбай Айман, Сәндібек Еркеназ иеленді. «Русский медвежонок- языкование для всех» халықаралық конкурсынан Нурғалиева Тілектес сертификатталған. Ағылшын тілінен Халықаралық «BRITISH BULLDOG» конкурсынан Сәрсенбаева Шаттық сертификатталған.

«Эрудит» республикалық интеллектуалды конкурсын қатысып, Наурызбай Ұлықбек Іорын иеленді. Республикалық «Мен жастарға сенемін» байқауына қатысқан Бөтеген Олжас III дәрежелі дипломмен марапатталды. Республикалық «Таңғажайып дүние» шығармашылық байқауынан Сәндібек Диана Іорын иеленді. «Жас дарын» атты көркем сөз оқудан Темірбекұлы Темірлан I орын иеленді. «Ана-өмір, Ана-көктем, Ана-гүл» интернет байқауынан Темірбекұлы Темірлан және Амантаева Кәусар сертификаттармен марапатталды. «Мен анамды бақытты еткім келеді!» Eгudit зияткерлік конкурсынан Тоқмырза Тілеген Іорын иеленді. «Кенгуру – математика для всех» республикалық олимпиададан Нұрғалиева Тілектес, Сәрсенбаева Шаттық сертификатталған.

Обылыстық «Өнерім саған Ақтөбем» қалалық байқауынан Темірбекұлы Темірлан II орын иеленсе, Сәндібек Диана Ідәрежелі дипломмен, Тоқмырза Тілеген III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Рухани жаңғыру - ұлт мұраты» тақырыбындағы облыстық интернет-сайысының «Рухани жаңғыру болашақ бағыты» номинациясы бойынша Сәрсенбаева Шаттық III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Менің сүйікті кейіпкерім» облыстық интернет-сайысының «Жақсы дос – асыл қазына» номинациясы бойынша Наурызбай Тимур I дәрежелі дипломмен марапатталды.

### **2019-2020 оқу жылында**

**Мектептің өзекті мәселесі:**

«Жас ұрпақты тәрбиелеуде білім мазмұнын жаңарту арқылы зерделі тұлға қалыптастыру

**Мақсаты:**

Жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқыту үрдісі мен басқарудағы жаңаша әдіс-тәсілдің тиімділігін анықтау.

**Жаңа оқу жылына қойылған міндеттер:**

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасының стандартына сәйкес білім беру.
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- Білім беру жағдайында педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға жаңаша көзқарас қалыптастыру
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Жаңашылдық тәжірибелерді зерттеуге, таратуға және оқу тәрбие үрдісіне енгізуге жағдай жасау;
- Барлық оқу пәндерінен оқушылардың үлгірім көрсеткіштерін көтеру, оқушылардың білім сапасын арттыру.
- Сынып жетекшілерінің жеке оқушылармен, тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық шаралар жұмысын жандандыру;
- Ата – аналар, ауыл жұртшылығымен ынтымақтастықты нығайту;
- Жас ұрпақ тәрбиесінде мектеп пен ата-ана арасында берік одақ қалыптастыру, оқу тәрбие процесінде ата-ана жауапкершілігін арттыру
- Балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы жұмысты жетілдіру

- Оқушыларды қортынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жетілдіру.

### 2019 - 2020 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Оқыту кезеңдері	2019-2020 оқу жылы		
	Саны		Класс-комплект саны
	оқушы	сынып	
Бастауыш мектеп	17	1,2,3,4	4/4
Негізгі мектеп	12	5,6,7,8	4/2
<b>Мектеп бойынша барлығы</b>	<b>29</b>	<b>8</b>	<b>8/6</b>

### 2019-2020 оқу жылы бойынша білім сапасы

Сатылар	2019– 2020 оқу жылы	
	Оқушы саны	%
1-4 сыныптар	17	41
5-9 сыныптар	12	28
<b>Барлығы</b>	<b>29</b>	<b>69</b>

2019-2020 оқу жылы 8 класс, 6 комплект жинақталды. Оқушы саны – 29. Оқитын бала болмауына байланысты 9 класс ашылмаған. 1,2,3,4,5,6,7,8 сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқыту жүзеге асырылды. 2019-2020 оқу жылында жоспарға қойылған ашық сабақтар, апталықтар, сыныптан тыс іс- шаралар уақытылы өткізілген. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылар анықталып, қосымша жұмыстар уақытылы жүргізілген. Оқушылар түрлі байқау, шараларға қатыстырылған. Нәтижесінде Халықаралық «Пони» байқауынан жеңімпаз оқушылар: Амантаева Кәусар, Бөтеген Алтыншаш, Өтегенов Әбілмансұр, Сәндібек Еркеназ, Өтешбай Айман, Бөтеген Алпамыс және Оразбаева Нұрай, Бейбіт Құмар, Тоқмырза Тілеген, Тәңірберген Шерхан сертификат алды. Ағылшын тілінен Халықаралық «BRITSH BULLDOG» конкурсынан Оразалы Жолдас сертификатталған. Халықаралық «Кенгуру математика для всех» интеллектуалды сайысынан Сәндібек Ділназ сертификатталған. «Мен салған сурет» республикалық байқауынан Сақтапберген Бейбарыс I дәрежелі дипломмен марапатталды.

### 2020-2021 оқу жылында

#### ***Мектептің өзекті мәселесі:***

«Жас ұрпақ тәрбиелеуде педагогикалық шеберлікпен жаһандану заманына лайықты, шығармашыл, зерделі тұлға қалыптастыру»

#### ***Мақсаты:***

Жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жаңартылған білім мазмұнын оқытуды жүзеге асыру, мектеп қызметін, білім мазмұнын қоғам талабына сай жаңғырту.

#### ***Жаңа оқу жылына қойылған міндеттер:***

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын жүзеге асыру.
- Қазақстан Республикасының стандартына сәйкес білім беру.

- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- Білім беру жағдайында педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға жанаша көзқарас қалыптастыру
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Жаңашылдық тәжірибелерді зерттеуге, таратуға және оқу тәрбие үрдісіне енгізуге жағдай жасау;
- Барлық оқу пәндерінен оқушылардың үлгірім көрсеткіштерін көтеру, оқушылардың білім сапасын арттыру.
- Сынып жетекшілерінің жеке оқушылармен, тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс шаралар мен спорттық шаралар жұмысын жандандыру;
- Ата – аналармен ынтымақтастықты нығайту; оқу -тәрбие процесінде ата-ана жауапкершілігін арттыру
- Балалар мен жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілігін арттырудағы жұмысты жетілдіру
- Оқушыларды қортынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жетілдіру.

### 2020 - 2021 оқу жылы бойынша оқушылар контингенті

Оқыту кезеңдері	2020-2021 оқу жылы		
	Саны		Класс-комплект саны
	оқушы	сынып	
<b>Бастауыш мектеп</b>	21	1,2,3,4	4/3
<b>Негізгі мектеп</b>	14	5,6,7,8,9	5/3

<b>Мектеп бойынша барлығы</b>	35	8	9/6
-------------------------------	----	---	-----

**2020-2021 оқу жылы бойынша білім сапасы**

Сатылар	<u>2020–2021 оқу жылы</u>	
	Оқушы саны	%
<b>1-4 сыныптар</b>	21	<b>31</b>
<b>5-9 сыныптар</b>	14	<b>29</b>
<b>Барлығы</b>	35	<b>60</b>

2020-2021 оқу жылында барлық оқу жасындағы балалар оқуға тартылып, 9 класс, бкомплекті жинақталған. 1 сыныпқа 5 бала қабылданған.

**2020-2021 оқу жылы бойынша қорытынды аттестаттауды талдау**

Оқу жылдары	Түлектер	Білім сапасы, %
2020-2021	3	67

9 сыныпты 3 оқушы аяқтап, қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын алды. Еңбекке орналасу мәліметі бойынша түлектер Ақтөбе қаласындағы С.Байішев жоғары медициналық колледжіне Нұрғалиева Тілектес «мейіргер ісі» мамандығына, Ақтөбе құрылыс монтаж колледжіне Досмұратов Мұқанбетияр



«дене шынықтыру және спорт» ақылы бөліміне оқуға түскен. Ақтөбе гуманитарлық колледжі «қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығына грант иегері.

Оқу жылында 4 педагог-сарапшы, 1 педагог-модератор, 4 бірінші санатты, 2 екінші санатты, 3 санаты жоқ, барлығы -14 мұғалім қызмет еткен. Тарих пәнінің мұғалімі болып жас маман келген. Муса Әлібек Жандарбекұлы 2016 жалпы орта мектепті бітіріп, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 2020 жылы тәмамдаған. Әлібек Жандарбекұлына 5B011400 Тарих мамандығы білім бакалавры дәрежесі берілген. Жас маманның педагогикалық шеберлігі мен зерттеушілік машықтарын дамыту мақсатында тәжірибелі, педагог сарапшы санатындағы мұғалімнен тәлімгер тағайындалған. Тәлімгер жас маманмен жұмыс жасау жоспарын құрған, алдымен педагог жұмыстары мен ережелерін таныстырып, әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, сабақ жоспарларын құруды, қысқа мерзімді сабақ құрылымын үйреткен. Сонымен бірге журнал толтыру талаптарымен таныстырып, күнделікті сабақтарға қажетті әдіс-тәсілдердің тиімділігін айтып, бағыт- бағдар беріп отырған.

Дарынды балалармен жұмыс жоспарына сәйкес оқушылар шығармашылық, өнерге, бейіміне байланысты түрлі конкурстар мен шараларға қатысып, жетістіктерге жетіп, марапатталған.

